



АҚОРДА

ҚАРЖЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады.

Президентке агенттік қызметінің негізгі қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде баяндалды. Жанат Элимановтың айтуынша, бюджет шығыстарына жүргізілген мониторинг кезінде мал шаруашылығы саласына бөлінген 30 миллиард теңге субсидияны тиімсіз пайдалану тәуекелдері анықталған. Сондай-ақ ғылыми-зерттеулер мен ғылыми-техникалық нәтижелерді коммерцияландыруға бағытталған 10 мил-

лиардтан аса теңгені мақсатсыз жұмсау белгілері айқындалды. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатын жымқыру фактілері бойынша 14 сотқа дейінгі тергеу басталған, ал құрылыс саласында 5,3 миллиард теңгені заңсыз иемденбек болған жандарға қатысты 21 қылмыстық іс қозғалды.

Мемлекет басшысына алаяқтық әрекеттердің алдын алу бойынша 17 қаржы пирамидасының қызметі тоқтатылғаны

және банктер мен байланыс операторларының атын жамылып, арнайы құрылғылар арқылы жаппай фишингтік SMS-хабарламалар таратқан топ әшкереленгені жөнінде есеп берілді. Жалпы аудиториясы 25 мыңнан асатын 3,7 мың алаяқтық сайт және 22 топтық чат жабылған. 400-ден астам жалған құрылыс компаниясының заңсыз түрде бірінші санаттағы лицензия алуына жол берілген жоқ.

Бұдан бөлек, қылмыстық табыстарды жылыстатуға қарсы күрес саласында атқарылған жұмыстар таныстырылды. Атап айтқанда, заңсыз схемаларда қолданылған дроп-карталарға қатысты 14 сотқа дейінгі тергеу басталды, олардың есепшотындағы қаржының жалпы айналымы 13 миллиард теңгеден асқан. «Көленкедегі» тұлғаларға рәсімделген 68 мыңнан астам карта бұғатталған. Жалған компаниялар мен құжаттарды пайдалану фактілері бойынша 23 іс тіркелген, келтірілген залал – шамамен 13 миллиард теңге. Қаржылық пирамидалар, онлайн-казино және алаяқтықтан түскен табысты жылыстатумен айналысқан 3 жасырын криптоайырбастау қызметінің жолы кесілді. Криптовалюта айырбастауға қатысты заңсыз онлайн сервис-терге кіруге арналған 483 сілтеме жойылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттіктің негізгі бағыттары бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

Жер қойнауы – үнсіз жатқанымен, ұлт тағдырына үн қосатын, елдің есебін түгендеп, ертеңін жарқын ете алатын асыл құндылық. Президент айқындаған міндеттер сол құндылықты геология көмегімен экономиканың стратегиялық өзегіне айналдыруды көздейді. Цифрландыру мен ғылым тоғысқан тұста кен мен кеңістікке деген көзқарас та жаңарып, сала мүлдем жаңа кезеңнің табалдырығын аттап отыр. Енді бұл белес – байлықты табудың ғана емес, оны парасатпен игерудің сынағы.



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖАҢА КАРТАСЫ: ҮЛКЕН ДЕРЕК ПЕН ҰЛЫҚ ДӘУІР ДИАЛОГЫ

ГЕОЛОГИЯ – ЭКОНОМИКАНЫҢ
КӨРІНБЕЙТІН ТІРЕГІ

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы геологияның рөлі зор. Елдегі қазба байлықтарының барланған қорын ұлғайту және оның өндірісін арттыру – Президенттің 2029 жылға қарай ел экономикасын екі еселеу міндетімен тікелей сабақтас. Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі соңғы Жолдауында геологиялық барлау жұмыстарын күшейтуді мемлекеттік маңызды міндет деп бағалады. Оның айтуынша, елімізде ауқымды аэро-геофизика зерттеулері әбден ескірген.

– Цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жер қойнауының заманауи картасын жасайтын уақыт келді. Мұндай кадам мемлекеттің маңызды міндетін жаңа сапалық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысқа да халықаралық сарапшыларды тартуға болады. Әрине, ғылыми негізі болмаса, барлау жұмысын ойдағыдай жүргізу мүмкін емес. Келесі жылдың ортасына дейін озық халықаралық стандарттарға сай сертификаты бар зертхана ашу керек. Оны Ұлттық геологиялық қызметтің базасында құрған жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 4-бетте)

«БАД»-ТЫҢ БӘРІ САУЛЫҚ СЫЙЛАМАЙДЫ

Былтыр елімізде 1,5 мыңнан аса адам биологиялық қоспаны заңсыз сатқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған, яғни олар халыққа мемлекеттік тіркеуден өтпеген қауіпті өнімдерді сатып келген. Ал 2024 жылы 107 биологиялық қоспаның 28-сі техникалық регламент талабына сәйкес келмей, сатудан алынды. Дегенмен дәріхана мен дүкен сөрелерінде кеселге әкеп соқтыратын тауарлар әлі де бар. Себебі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті шағым түссе немесе жоспарлы түрде ғана кей өнімдерді зерттеуден өткізеді.



→ 6

БІРЛІК БАРДА БӨГЕТ БЕРІК

Осыған дейін бірнеше жыл бойы жүздеген үйді жермен-жерсен етіп, миллиардтаған қаражаттың шығындалуына себепкер болған Атбасар қаласындағы Жабай өзенінің жағалауында біршама жұмыс атқарылды. Бұрын ені небәрі 30 метр болған өзен арнасы бүгінде 4 есеге кеңейіп, 120 метрге жеткен. Ал кеше ғана толарсақтан аспай, жаяу кешіп өте беретін өзеннің тереңдігі қазір 5 метрге жетті.



→ 7

ОБЫРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚОСПА



Өнімнің басты ерекшелігі – оның табиғи құрамында. Белсенді қоспаның негізін каротиноидтар, дәрумендер мен органикалық қышқылдар секілді пайдалы элементтер құрайды. Одан бөлек, табиғи антиоксиданттардың үлесі де жоғары.

→ 4

ДАНИЯДАН КЕЛГЕН «НӘЗІКТІК»



Әлемдегі ең көне балет театрынан келген таланттардың өнерін тамашалаудың өзіндік мәні бөлек еді. Сахнада балетмейстер Мейрамбек Назарқожаев та өнер көрсетті. Ол – Дания Корольдік театрының труппасына қабылданған тұңғыш қазақ баласы.

→ 8

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР ТОПТАМАСЫН ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен бюро отырысы өтті. Депутаттар 9 сәуірде өтетін палата отырысының күн тәртібін айқындады.

Бейсенбі күні өтетін палатаның алдағы отырысында сенаторлар «Әзербайжан Республикасы, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы жасыл энергияны өндіру және беру саласындағы стратегиялық әріптестік туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Ынтымақтастық экологиялық таза сутегі мен аммиакты бірлесіп өндіруді және сату, сондай-ақ елдер арасында жанарлылатын энергияны үздіксіз беру үшін бірыңғай техникалық және әкімшілік ережелерді әзірлеуді көздейді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің

деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы» ҚР заңы болмақ. Келісім радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу, талдау және болжау арқылы өзара іс-қимыл тиімділігін арттыруға және ядролық әрі радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен қатар депутаттар Мемлекет басшысының жыл сайынғы Жолдауындағы міндеттерге сәйкес Сенаттың жұмыс жоспарын талқылады және Мәжіліс бұған дейін қабылдаған заңдарды тұрақты комитеттер арасында бөліп берді.

МӘЖІЛІС

МӘЖІЛІС ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.



Бірінші оқылымда Мәжіліс депутаттары бастамашы болған «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасын қарау ұсынылады. Құжат осы саланы реттеуге және психологиялық көмектің қолжетімділігін, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құқықтық база қалыптастыруға бағытталған. Атап айтқанда, психологтар мен психологиялық көмек алушылардың құқықтары мен міндеттерін бекіту көзделіп отыр. Соның ішінде құпиялылықты қамтамасыз ету, ақпараттандырылған келісім алу, сондай-ақ кәсіби және этикалық стандарттарды сақтау қамтылады. Бұдан бөлек, психологтардың бірыңғай мемлекеттік тізілімін енгізу ұсынылып, оған қосылу кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін міндетті талап болады.

Жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасына жұртшылықтың қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ жануарларға адамгершілікпен қарауды қалыптастыру мақсатымен Мәжіліс депутаттары бастамашы болған «Жануарларға

жауапкершілікпен қарау туралы» заңға түзетулер енгізу де ұсынылды. Заң жобасының нормаларында үй жануарларына қатысты белгіленген талаптарды иелерінің сақтауын бақылау тетіктерін күшейту, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шұғыл ден қою шараларын ұйымдастыру бөлігінде жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ басқа да бірқатар ереже қарастырылған.

Сонымен қатар депутаттар Қазақстан мен Түркия үкіметтері арасындағы екі елдің әуе кеңістігі арқылы әскери мүлік пен персоналды транзиттеу туралы келісімді қарайды. 2024 жылғы 11 қыркүйекте Астанада қол қойылған құжат әуе кеңістігін өзара пайдалану шарттарында әуе транзитінің тәртібін айқындауға бағытталған.

Екінші оқылымда Мәжіліс еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерді қарайды. Сондай-ақ депутаттар ветеринария мәселелері жөніндегі жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдайды.

ЭКОНОМИКАНЫ МОНОПОЛИЯСЫЗДАНДЫРУ ЖАЙЫНДА ОТЫРЫС ӨТТІ



Премьер-министр Олжас Бектенов орталық мемлекеттік органдардың, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басшыларының қатысуымен Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның отырысын өткізді. Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы одан арғы ырықтандыру және бәсекелестікті дамыту, оның ішінде тауар және цифрлық нарықтардағы кедергілерді жою, денсаулық сақтау, байланыс, электр энергетикасы, табиғи монополиялар қызметтері саласындағы реттеуді жетілдіру бойынша қойған міндеттерін жүзеге асыру мәселесіне ерекше назар аударылды.

Комиссия Мемлекет басшысының «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығының орындалу барысын қарады. Басым бағыттардың бірі – дәрі-дәрмектерді нарыққа шығару мерзімін 3-5 жылдан 100 жұмыс күніне дейін қысқарту. Денсаулық сақтау министрлігі препараттарды тіркеу мен сараптамадан өткізудің негізгі кезеңдерін біріктіретін «бірыңғай терезе» қағидаты бойынша композиттік мемлекеттік қызметті енгізуде. Халықтың инновациялық медицинаға кең ауқымда қол жеткізуін және технологиялар трансфертіні қамтамасыз ету мақсатында комиссия түпкілікті цифрландыру жүргізу және сатып алуын барлық негізгі тізбелеріне дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қатар енгізу мәселесін қарады.

Деректерді Сәйкестендіру кодтарының базасына енгізу үшін қажетті мобильді құрылғыларды верификациялау мәселесіне де назар аударылды. Премьер-министрдің орынбасары – жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев «Телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту туралы» заң жобасы шеңберінде жүргізіліп жатқан институционалды жұмыстар туралы баяндады. Верификация рәсімін

заңнама арқылы нақты бекіту тіркеу жүйесінің орнықтылығын және цифрлық инфрақұрылымның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Одан бөлек, электрондық құжат айналымы жүйелері нарығын дамыту және цифрлық секторда бәсекелестік органы қалыптастыру бойынша да атқарылып жатқан жұмыстар туралы хабарланды.

Инвестиция тарту, жаңа қуаттарды іске қосу және тарифтік жүктемені теңестіру үшін енгізілген Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жұмысына қатысты сұрақтар, сондай-ақ теміржолдағы кіреберіс жолдар саласындағы проблемалық мәселелерді жою жайы талқыланды.

Экономиканы ырықтандыру шаралары бойынша Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, Энергетика министрі Ерлан Аккенженов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жакыпов және басқа да қатысушылар пікір білдірді.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов мемлекеттік органдар мен ведомстволарға бірқатар тапсырма берді:

- Каржы министрлігі: мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, сондай-ақ Қордың еншілес (тәуелді) компаниялары мен холдингтерін ескеріп, оны мерзімді өзектендіру жөніндегі нормативтік талапты белгілей отырып, Мемлекеттік мүлік тізілімін жаңартсын.

- Ұлттық экономика министрлігі: БҚДА және мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, монополиялық нарықтарды қоспағанда, бағалар мен тарифтерді қалыптастыру еркіндігін шектейтін нормаларды алып тастау жөнінде ұсыныстар енгізісін; жекешелендіру объектілері бойынша инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Жол карталарын бекітсін; Энергетика министрлігімен бірлесіп, ырықтандыру туралы Жарлықты ескере отырып, электр энергиясы мен коммуналдық қызметтерге қайталама субсидиялаудың күшін жою мерзімдерін синхрондау.

- Денсаулық сақтау министрлігі: Бірыңғай дистрибутордың сатып алу тізіміне және амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесіне дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдарды енгізу процесстерін цифрландыруды жеделдету.
- Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі: мобильді құрылғыларды верификациялау бойынша заңнамалық өзгерістер қабылдасын. БҚДА-мен бірлесіп, электрондық құжат айналымына қатысушыларды іріктеу рәсімдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастырсын.

- Ұлттық экономика министрлігі: табиғи монополия субъектілерін дербес айқындау үшін заңнамалық түзетулер қабылдасын.

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ БҚДА-мен бірлесіп, қорды сатып алу шеңберінде тәсілдерді жетілдіру жұмыстарын әрі қарай жалғастырсын.

КОНСТИТУЦИЯНЫ ТҮСІНДІРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАРДЫ БЕКІТТІ

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын түсіндіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.



Тиісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды.

Құжат Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіру бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Негізгі Заң ережелерінен туындайтын заңнамалық шараларды жүзеге асыруға бағытталған.

Жоспар үш бағыт бойынша 36 іс-шараны қамтиды: ұйымдастыру шаралары, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және Конституцияның орындалуын құқықтық қамтамасыз ету.

Атап айтқанда, ұйымдастырушылық іс-шаралар аясында Конституция мәтінін басып шығару және тарату, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген форматта әзірлеу. Конституция электронды платформаларда орналастырылады.

Сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ақпараттық-көрнекі безендіру, тақырыптық материалдар шығару, көрме және ағартушылық жобаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын қалыптастыру ісіне көңіл бөлінуде. Жоспарға оқыту семинарлары мен білім беру іс-шараларын өткізу, мектеп және ЖОО бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, «Құқық негіздері» және «Заң мен тәртіп» курстарын, әдістемелік материалдар мен балалар басылымдарын әзірлеу кіреді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында бірқатар іс-шара мен кешенді медиажоспар әзірленді.

Конституцияның жүзеге асырылуын құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар, оның ішінде заңнамалық шараларды іске асыру, қолданыстағы заңнаманы талдау, Негізгі Заңның нормаларын ескере отырып, стратегиялар мен тұжырымдамаларды өзектендіру шаралары бөлек қарастырылған.

Жалпы Жоспар Конституция нормаларын халық арасында кенінен түсіндіруді және еліміздің Негізгі Заң ережелерінің толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Бетті дайындаған М.ТӨЛЕУ

БАҒДАР

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



«ҚЫЗЫР ҚОНҒАН ҚЫЗЫЛЖАР»: ЖЫР ДОДАСЫ ТҮЙІНДЕЛДІ

Петропавл қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Солтүстік Қазақстан облысының 90 жылдығына орай «Қызыр қонған Қызылжар» атты Республикалық командалық айтыс өтті. Дүбірлі додада Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының ақындары мен дәстүрлі өнер иелері бақ сынады.

Жыр аламының тізгінін Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай ұстады. Ал қазылар алқасы құрамына Қазақстанның халық жазушысы Жүрсін Ерман төрағалық етті.

«Бүгінгі ақындар сайысын «AMANAT» партиясының қолдауымен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі ұйымдастырып отыр. «AMANAT» партиясы руханиятымызға, төл мәдениетімізге баса мән беріп, бірқатар ауқымды жобаны жүйелі жүзеге асырып келеді. Солардың қатарында халықтың жүрегінен ойып тұрып орын алған маңызды жобаның бірі — осы командалық айтыс. Бұл — қазақтың төл қазынасына айналған айтыс, жыр, терме, ән және күй жанрларының басы қосылған ауқымды мега-жоба. Ол бір жарым жылға созылады. Еліміздің барлық өңіріндегі 20 команда бақ сынасатын айтыс 4 кезеңнен тұрады. Нәтижесінде, еліміздегі үздік команда айқындалады», — деді Аманжол Әлтай.

Өз кезегінде, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов облыс әкімі Фауез Нұрмұхамбетовтің құттықтау хатын оқып берді.

«Биыл Солтүстік Қазақстан облысына 90 жыл толады. Осы мерейтой қарсаңында айтыс сахнасында Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының ақындары бас қосып отыр. Қызылжар өңірі өнерлі жандармен аты шыққан. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, үкілі Ыбырай сынды бабаларымыз

дүниеге келген. Облысымызда қасиетті өнер жалғасын табууда. Ұлы даналарымыз «Өнер алды — қызыл тіл» деп бекер айтпаған. Айтыс — сол қызыл тілдің құдіретін айқындайтын киелі өнер. Республикалық ақындар айтысы облыста жыл сайын өтеді», — делінген облыс әкімінің құттықтауында.

Осылайша, өнер бәйгесінде ақындар «түре», «сүре», «қайым» және «қыз бен жігіт айтысы» жанрлары бойынша сығна түсті. Сонымен қатар күй, жыр, терме және дәстүрлі өн орындаушылары арасында кіл мықтыда кім мықты екені анықталды.

Өнердің бес бағыты бір арнаға тоғысқан бұл жоба биыл екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр. Оны тамашалауға келген көрермендердің де қарасы қалың болды. Ақындардың табан астында тауып айтқан сөзі, қазақтың күмбірлеген күйі, әуелеген әні және жыр-термелері талғампаз тыңдарманның жүрегіне жол тапты.

«Бытыр 20 команда қатысқан бұл жобала Солтүстік Қазақстан облысының өнерпаздары 3-орын иеленген еді. Биыл команда құрамына азын-аулақ өзгеріс енгізіп, алдымызға биік мақсат қойдық. Өнерпаздарымыз жіті дайындалды», — деді Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғаған айтыс ақыны Жарқын Жұпархан.

Нәтижесінде, қазылар алқасының шешімінде, Солтүстік Қазақстан облысының командасы жеңіске жетіп, республикалық айтыстың келесі кезегіне жолдама алды.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»: БІЛІМГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

«AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында Абай облысы, Семей қаласының Шығыс кентінде №53 жалпы орта білім беретін 300 орындық мектеп пайдалануға берілді. Білім ошағы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы шеңберінде салынды.

Мектептің ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли, Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Шарабаев, Сенат депутаттары Қайрат Тастекеев, Айнұр Арғынбекова, Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ринат Зайыт және Мақсат Толықбай, сондай-ақ Қазақстанның Еңбек Ері, ұлағатты ұстаз Алма Шүкіжанова қатысты.

Шығыс кентіндегі оқушылар енді еңселі де заманауи ғимаратта білім алады. Бұл — «Келешек мектептері» жобасы шеңберінде бой көтерген Семей қаласындағы үшінші, ал Абай облысы бойынша бесінші мектеп. Жана білім ордасының ашылуы — өңірдегі білім беру инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстардың нақты нәтижесі.

Жана білім ордасы заманауи талаптарға сай салынған. Жалпы аумағы 2,56 гектарды құрайды және 300 оқушыға арналған. Мектепте 30 оқу кабинеті, 2 информатика сыныбы, робототехника кабинеті, химия, физика және биология пәндік зертханалары бар. Сонымен қатар токарлық және металл өңдеу шеберханасы, аспаздық және тігін бөлмелері қарастырылған.

Мектеп 17 интерактивті панельмен жабдықталған, 84 орындық акт залы, 78 орындық асхана, оқу залы мен кітапхана жұмыс істейді. Оқушылар үшін STEM-зертханалар, хореография залы, 673 шаршы метрлік спорт залы және ойын алаңдары бар. Мектеп аумағында футбол, волейбол, хоккей алаңдары мен 400 метрлік жүгіру жолы қарастырылған.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға да барлық жағдай жасалған. Ғимаратта лифт пен тактильді жолдар орнатылған, бұл инклюзивті білім беруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іс-шара барысында аймақ басшысы ұстаздар, оқушылар және ата-аналарды маңызды оқиғамен құттықтады.

«Бүгін — облысымыздың әлеуметтік саласы үшін маңызды күн. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Шығыс



кентіндегі жана білім ошағын ел игілігіне табыстап отырмыз. Жоба шеңберінде облысымызда жалпы сыйымдылығы 3 мың орындық 5 заманауи мектептің құрылысы толық аяқталды. Бұл нысанның техникалық жаракталуы типтік мектептерден 4 есе жоғары, ал ғимарат ауданы 20 пайызға кең етіп жоспарланған. Осы мектепті іске қосу арқылы біз Шығыс кентіндегі мемлекеттік мектепке қатысты өзекті мәселені толық шештік. Енді оқушылардың басқа аудандарға қатынауының қажеті жоқ. Біз өңірдегі балалардың сапалы білім алуы мен ұстаздардың тиісті жағдайда жұмыс істеуі үшін жүйелі қолдау көрсетуді жалғастыра береміз. Жана білім ордасы құтты болсын!», — деді Абай облысының әкімі Берік Уәли.

Оқу-ағарту вице-министрі Жайық Шарабаев өңірдің білім саласына ұзақ жылдар бойы еңбек сіңірген ардагер ұстаздар Марияма Битебаева мен Бақыт Қажыбаеваға «Еңбек ардагері» медалін табыс етті. Облыс әкімі құрметті қонақтармен бірге мектептің сыныптарын аралап, оқушылармен, мұғалімдермен пікірлесті.

«Бұл білім ордасының Шығыс кентінің дәл осы аймағында ашылуы балаларымыз үшін де, біз үшін де зор қуаныш. Себебі, балаларымыз білім алуы үшін алысқа қатынап, қиындық көріп, үйірмелерге толыққанды қатыса алмай жүрген еді. Енді Шығыс кентінің оң жағалауында тұратын оқушылардың көптен күткен армандары орындалды. Заманауи жабдықталған бұл мектеп — ел болашағына жасалған маңызды инвестиция», — деді Шығыс кентінің тұрғыны Шалқар Хамидов.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Сызбек Ахметов мектеп құрылысы партияның жіті бақылауында болғанын атап өтті.

«Бүгін «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына енген мектеп құрылысы толық аяқталып, пайдалануға беріліп отыр. Бұл — ең алдымен, тұрғындардың көптен күткен қуанышы. Балалар мен ата-аналардың арманы орындалып, білім алуға қолайлы жағдай жасалды деп толық сеніммен айта аламын. Осы уақытта дейін мектеп құрылысы партияның жіті бақылауында болды, барлық кезеңде сапа мен мерзім мәселесіне ерекше назар аударылды. Біздің басты мақсатымыз — өскелең ұрпаққа заманауи, қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын қалыптастыру. Білім беру нысандарының сапасын арттыру, ауыл мен қала арасындағы білім беру деңгейін теңестіру бағытындағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады. Ұл-қыздарымыздың жарқын болашағы үшін мұндай жобалардың маңызы зор деп есептеймін», — деді «AMANAT» партиясы Абай облыстық филиалының Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Сызбек Ахметов.

Қазір облыста мектеп тапшылығын шешу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жарма ауданының Суықбұлақ ауылында бастауыш мектеп салынып жатыр. Оны жана оқу жылында пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар Семей қаласындағы №4 және №30 мектептерге қосымша ғимараттар салынууда. Абай ауданы Кенгірбай би ауылындағы Қарашоқы шатқалында балалар лагерінің құрылысы аяқталуға жақын.

Алдағы жылдары Семей қаласының Қарағайлы шағын ауданында 400 орындық «Білім-инновация» лицейін, 1400 орындық мектепті, сондай-ақ Ақсуат және Екпін ауылдарында 300 орындық екі мектеп салу жоспарланып отыр. Бұл жобалар өңірдегі білім беру сапасын арттырып, балалар үшін қолайлы әрі заманауи орта қалыптастыруға бағытталды.

ЖЕР ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС

Келес ауданында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы жанындағы аймақтық «Жер аманаты» комиссиясының көшпелі отырысы өтті. Жиында өңірдегі жер қатынастары саласындағы өзекті мәселелер қаралып, Жер кодексі талаптарының орындалуы, заңсыз пайдаланылған жерлерді мемлекет меншігіне қайтару және оларды тұрғындар арасында тиімді бөлу мәселелеріне басымдық берілді.

Сөз басында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев «Жер аманаты» жобасының стратегиялық маңызына тоқталып, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыс нәтижесіне назар аударды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жер — халықтың ең басты байлығы екенін бірнеше рет атап өтті. Сондықтан бұл ресурс, ең алдымен, ел игілігіне қызмет етуге тиіс. Бүгінде басты міндеттердің бірі — пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген жерлерді мемлекет меншігіне қайтару. «Жер аманаты» жобасы осы стратегиялық бағытты жүзеге асырудың нақты тетігіне айналды. Осы жоба аясында өңірімізде 1 млн 850 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды, 2022-2026 жылдар аралығында 950,3 мың гектар жайылым жерлер ауылдық округ әкімдіктеріне қоғамдық жайылым ретінде пайдалануға берілді. Дегенмен Жер кодексі талаптарының өрескел бұзылғаны да анықталып отыр. Тұрғындар тарапынан партиямызға осы мәселе бойынша көп арыз-шағым келіп түсті. Мәселені жан-жақты қарау мақсатында «Жер аманаты» комиссиясының бүгінгі отырысын көшпелі форматта өткізіп отырмыз», — деді ол.

Өз кезегінде, Түркістан облысының жер ресурстарын басқару департаментінің бөлім басшысы Жамбыл Сапарбеков Шардара, Келес және Сарыағаш аудандарында Жер кодексі талаптарының орындалуы барысы туралы баяндады. Оның айтуынша, жыл басынан бері азаматтардан департаментке жеке және заңды тұлғаларға қатысты 701 арыз-шағым келіп түскен. Соның ішінде 249 арыз бойынша оң шешім қабылданып, 194 арыз бойынша заң талаптары түсіндірілді. Сондай-ақ тиісті шешім қабылдау үшін 110 арыз құзырлы

орғандарға жолданса, қалған 148 арыз-шағым әлі де қаралып жатыр. Департамент өкілі 2024-2026 жылдар аралығында барлығы 5304 арыз-шағым келіп түскенін мәлімдеді. Соның ішінде Келес ауданы бойынша — 222, Шардара ауданы бойынша — 175 арыз-шағым қаралды.

Үкілетті мемлекеттік орган жүргізген жұмысты талдау барысында, Шардара, Келес және Сарыағаш аудандарында Жер кодексі талаптарының орындалуы деңгейі сараланып, заң талаптарының сақталуына қамтамасыз ету барысында кемшіліктерге назар аударылды. Талқылауда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің бір бөлігі мемлекетсіз пайдаланылып отырғаны, кейбір жер телімдерінің ұзақ уақыт игерілмей бос жатқаны айтылды. Сонымен қатар жер учаскелерін беру кезінде ашықтықтың жеткіліксіздігі, конкурс рәсімдерінің сапасына қатысты сурақтар және құжаттаңдыру үдерісіндегі олқылықтар да сөз болды. Әсіресе, заңсыз иемденілген немесе тиімсіз пайдаланылып жатқан жерлерді анықтау және оларды қайтару тетіктерін жетілдіру мәселесіне ерекше мән берілді.

Бұдан соң Шардара ауданы әкімінің міндетін атқарушы Жұмасұлтан Бердешов «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында 2022-2026 жылдар аралығында мемлекет меншігіне қайтарылған жер телімдері және оларды қайта бөлу жұмыстары туралы есеп берді. Аудан басшысы қайтарылған жерлерді заң аясында тиімді пайдалану, соның ішінде ауыл тұрғындарына беру, кәсіпкерлікті дамытуға бағыттау мәселелеріне баса мән беріліп отырғанын жеткізді.

Баяндама барысында 2022-2026 жылдар аралығында Шардара ауданында барлығы 114 мың гектар жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылғаны айтылды. Осы бағытта 2026 жылы 5 мың гектар жер қайтару



жоспары бекітіліп, бүгінде оның 40 пайыздан астамы орындалды. Бес жылда қайтарылған жер учаскелерін қайта айналымға қосу мақсатында жерлерді жалға алу конкурстары ұйымдастырылып, жер пайдалану құқығымен 8 654 гектар жер учаскесі жеке және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығымен жалға берілгені мәлімделді. Сондай-ақ тұрғындардың мал жаюы мен шөп шабуы үшін 24,8 мың гектар жер учаскесі уақытша өтеусіз 20 жылға резервке алынып, ауылдық округ әкімдіктеріне пайдалануға бекітіліп берілді.

Ал Келес ауданының әкімі Жәнібек Ағыбаев ауданда пайдаланылмай жатқан немесе заңсыз пайдаланып жатқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару жоспары жыл сайын артығымен орындалып келе жатқанын айтты. Мәселен, 2023 жылы 14100 гектар жерді қайтару жоспары 639 гектарға артығымен орындалса, 2024 жылы 3 мың гектардың орнына нақты 3274 гектар қайтарылған. Ал 2025 жылғы жоспар 4500 гектар болса, нақты 11965 гектар қайтарылды, жоспар 266 пайызға орындалды. 2026 жылы ауданда бекітілген жоспар 2300 гектар болса, алғашқы үш айда 2298 гектар қайтарылғаны айтылды. Қайтарылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 16,8 мың гектары елді мекендер ортақ пайдаланылатын мал жайылымы ретінде қайта бөлініп, қоғамдық жайылымдарға бекітіліп берілді.

Кенес мүшелері аудандар әкімдерінің есебін талдап, «Жер аманаты» жобасы

аясында атқарылып жатқан жұмыстың тиімділігіне жан-жақты баға берді. Сондай-ақ бірқатар өзекті мәселелерге ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, мемлекет меншігіне қайтарылған жер телімдерін қайта бөлу барысында ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету мәселесі көтерілді. Кеңес мүшелері жер бөлу кезіндегі конкурстық рәсімдер заң талабына сай жүргізіліп, барлық ақпарат халыққа қолжетімді болуға тиіс екенін атап өтті.

Сонымен қатар қайтарылған жерлердің нақты игерілуі мен оның әлеуметтік-экономикалық тиімділігіне баса мән берілді. Яғни, жер телімдері тек бөлініп қана қоймай, олардың ауыл шаруашылығы айналымына енгізілуі жана жұмыс орындарын ашу және жергілікті тұрғындардың табысын арттыру ісіне нақты ықпал етуі қажет екені айтылды. Жиында кейбір жер телімдерінің әлі де толық игерілмей жатқанына, инфрақұрылым мәселелерінің жерді тиімді пайдалануға кедергі келтіріп отырғанына назар аударылды. Осыған байланысты, қайтарылған жерлерді игеруге қажет жағдайларды қатар қамтамасыз ету мәселесіне де мән берілді.

Сондай-ақ Кеңес мүшелері жерді заңсыз иемдену фактілерінің алдын алу, мониторинг жұмысын күшейту және бақылау тетіктерін жетілдіру мәселелеріне тоқталды. Осы санатта Келес ауданы Ошақты ауылдық округі Саттаров елді мекенінде және Бірлік ауылдық округі Қаратал елді мекенінде

бау-бақша шаруашылығын жүргізуге берілген жерлердің мәселесі талқыланды. Бұған қоса Ақтөбе ауылдық округінде заңдастырылмаған тұрғын үйлер мәселесін шешу жолдары қаралды.

Комиссияның көшпелі отырысында нақты азаматтық мәселелер де назардан тыс қалмады. Үкілетті мемлекеттік органдар, аудан әкімдіктері және партия өкілдері қатысқан жиында Ақтөбе ауылдық округінің тұрғыны Қожагелді Сман мен бірқатар ауыл азаматының арыз-шағымдары қаралды. Өтінші иелері аталған аумақта тұрғын үй салып, қомақты қаржы жұмсағандарын, алайда жер телімдерінің құқықтық мәртебесі толық рәсімделмегенін жеткізді.

Осыған байланысты олар салынған баспаналарды заңдастыруға және жер телімдерін заң талаптарына сәйкес рәсімдеуге көмек көрсетуді сұрады. Тұрғындар мәселесін ұзақ уақыттан бері шешімін таппай келе жатқанын айтып, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан нақты қолдау қажет екенін атап өтті.

Комиссия мүшелері аталған мәселенің әлеуметтік маңызын ескере отырып, әрбір жағдайды жеке-жеке зерделеу қажет екенін жеткізді. Сонымен қатар жер заңнамасының талаптарын сақтай отырып, азаматтардың құқығын қорғау, заң аясында оң шешім қабылдау жолдарын қарастыру бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Көшпелі отырыс барысында комиссия мүшелері жер мәселесінде формализмге жол бермей, нақты нәтижеге жұмыс істеу, заң талаптарының сақталуын қатаң бақылау және халықтың көп байланысты күйеуіне қажет екенін атап өтті. Комиссия отырысында қабылданған шешім жобасын «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев таныстырды.

Аталған жиын — өңірдегі жер қатынастары саласындағы түйткілі мәселелерді ашық талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын айқындауға бағытталған маңызды алға айналды. «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы алдағы уақытта да жер ресурстарын әділ бөлу, заң үстемдігін қамтамасыз ету және тұрғындар мүддесін қорғау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра бермек.

ӘЛЕУЕТ

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖАҢА КАРТАСЫ: ҰЛКЕН ДЕРЕК ПЕН ҰЛЫҚ ДӘУІР ДИАЛОГЫ



Елшір ҚАЗА (Астана)

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

Президент жауапты мемлекеттік органдарға жер қойнауына қатысты мәліметтің бәрін, ең алдымен, ЖИ-ді енгізу арқылы жүйелеп, цифрландыруды жүктеді. Геологиялық барлау және жер қойнауын игеру саласындағы реформалардың заң мен іс жүзіндегі рәсімдерін толық аяқтау міндетін қойды. Мұның астарында бір шындық бар: геология енді тек ғылым емес, технологиялық саясаттың дінгеі.

Осы орайда өткен апта соңында ұйымдастырылған «Geoscience & Exploration of Central Asia» (GECA 2026) халықаралық геологиялық форумның сөзінде Премьер-министр Олжас Бектенов Президент тапсырмасына орай Қазақстан геологиялық барлауды күшейтетінін және саланы дамыту үшін жаңа инфрақұрылым құратынын жариялады.

— Биыл — шын мәнінде, ел үшін тарихи жыл. Экономика мен қоғамның барлық саласын одан әрі жаңғырту ісіне тың серпін берген жана Конституция қабылданды. Ата заң нормаларын жүзеге асыруға айрықша көңіл бөліп отырмыз. Өзгерістер экономиканы дамыту үшін жана мүмкіндіктер ашады, соның ішінде геологиялық барлау саласы отандық өнеркәсіптің стратегиялық негізіне айналды, — деп атап өтті О. Бектенов.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен осы сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және заманауи технологияларды қолдану аясын кеңейтуге бағытталған геология және жер қойнауын пайдалану саласындағы жүйелі реформалар қолға алыныпты. Салалық жана заң қабылданды. Мұндағы маңызды қадам қызметтерге ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жер қойнауын пайдаланудың Бірыңғай порталын іске қосу болады. Мәселен, «Бірінші келгені —

бірінші алды» деген әлемдік тәжірибенің негізінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру жеңілдетілді. Бұл соңғы үш жылда геологиялық барлауға шамамен 280 млрд теңге жеке инвестиция тартуға мүмкіндік беріпті.

Бүгінде елімізде геологиялық саланы дамытудың заманауи және технологиялық моделі қалыптасып жатыр. Ұзақмерзімді басымдықтар қатарында — техногендік минералдық түзілімдерді экономикалық айналымға тарту, жерасты суларының кен орындарын түгендеу бойынша жүйелі жұмыс, сондай-ақ саланың цифрлық трансформациясы жағдайында жұмыс істеуге қабілетті жаңа формация мамандарын — геологтар, инженерлер мен сарапшылар даярлау бар. Астанада геологиялық кластер құрылу үстінде: оған сараптамалық зертхана, кен қоймасы және геологиялық ақпарат қоры кіреді. Жер қойнауы қанша бай болса да, оған қол жеткізер кадрлық, қаржылық, технологиялық ресурстар болмаса, байлық — тек картадағы белгі күйінде қалмақ.

ҚОР-САНДЫҚТАҒЫ ҚАЗЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ САЛМАҚТЫ?

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевтың мәліметі бойынша, еліміз әлеулі минералдық-шикізаттық әлеуетке ие: шамамен 10 мың кен орны есепке алынған. Оның 1 мыңнан астамы — қатты пайдалы қазбалар, 359-ы — көмірсутектер, 3 700-ден астамы — кен таралған пайдалы қазбалар, шамамен 4 900-і — жерасты су көздері. Қазақстан шикізатының негізгі түрлеріне: жалпы көлемі 33,5 млрд тонна көмір, 26,7 млрд тонна темір, 3,8 трлн текше метр газ, 4,3 млрд тонна мұнай және 2,3 мың тоннадан астам алтын жатады. Кейінгі бір жылда пайдалы қазбалар қоры шамамен 98 тонна алтынға, 36 мың тонна мысқа, 11 млн тонна марганецке, 1,3 млн тоннадан астам фосфориттерге өсті.

Ресурстық базаның едәуір бөлігін сирек жер металдары құрайды. Екінші бірі біле бермес: 2025 жылы Қазақстанда әлемдегі бірегей кен орны ашылды. «Құйрықтықөл» деген атау — ғалымдар мен инвесторларды елең еткізген сирек металдарға қатысты сенсациялық жаңалық. Өйткені алдын ала дерек бойынша онда әр грамы алтыннан да құнды 800 мың тоннаға жуық церий, неодим, иттрий және басқа да сирек элементтердің қоры бар екені анықталды. Бұл ата-баба қасық қаны қалғанша қорғаған қасиетті қазақ жері әлемнің көп еліне бұйыра қоймаған аса сирек қазынаға да толы мүмкіндік. Бірақ әрине, байлықтың барлығы ғана емес, оны басқару мәдениеті мен игеру мүмкіндігі де шешуші рөл атқарады.

— Бүгінде біз жер қойнауын игерудің дәстүрлі моделін түбегейлі қайта қарауды талап ететін кезеңде тұрмыз! Сураныс құрылымы өзгеруде, жер бетіне жақын қазба байлық таусылуға таяп, перспективалы ресурстар тереңдей түсті. Тұрақтылық пен экологиялық жауапкершілікке қойылатын талаптар артып келеді. Бұл енді конституциялық құндылық. Осы тұрғыда Қазақстан минералдық-шикізат базасын кен ауқымды өнірлік экожүйенің бір бөлігі ретінде қарастырады. Қолда бар ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану негізгі міндет, — деді министр Ерсайын Нағаспаев.

Президенттің тапсырмасына сәйкес, ел аумағының геологиялық-геофизикалық зерттелуін 2026 жылға қарай 2,2 млн шаршы шақырымға дейін ұлғайту жұмыстары жалғасты. Қазіргі кезде 2 млн 14 мың шаршы км зерттеліпті, ал жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 2 млн 38 мың шаршы шақырымға жеткізілуі тиіс. Министр жаһандық технологиялық компаниялар мен шетелдік инвесторларды жер қойнауын барлауға шақырды. Қазақстан

геология саласында өзара тиімді серіктестікті кеңейтуге, бірлескен бастамаларды іске асыруға ашық екенін мәлімдеді.

САЛАНЫҢ КЕЛЕСІ ДАМУ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Иран Шарханның айтуынша, геологиялық сала жүйелі жаңғырту кезеңіне өтіп отыр. Бүгінде елімізде 103 пайдалы қазба түрі бойынша 10 мыңдай кен орны мемлекеттік есепке алынған. Қатты пайдалы қазбалар бойынша 2 907 лицензия және 251 келісімшарт қолданыста. Жыл басталғалы барлау жұмыстарына 707 лицензия, өндіруге 22 лицензия берілген.

Вице-министрдің түсіндіруінше, саланың келесі даму кезеңі геологиялық зерттеуді 1:50 000 масштабна көшіру болмақ. Яғни, геофизикалық карталар осы масштабпен жасала бастайды. Бағдарлама заманауи геофизикалық, қашықтықтан және геохимиялық зерттеу әдістерін, сондай-ақ деректерді терең цифрлық өңдеуді қолдануды қарастырады. Бұл перспективалы ұчаскелерді ерте анықтауға, өзекті геологиялық карталарды қалыптастыруға және геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жер қойнауын зерттеудің жаңа белесін бағындыру үшін геологиялық барлауға 240 млрд теңге бөлінеді. Мәселен, 2026-2028 жылдары 100 мың шаршы шақырым жалпы алаңда 1:50 000 масштабты геологиялық түсірілім жүргізуге 20 жоба әзірленді. Одан кейін жыл сайын 30 мың шаршы шақырым болатын ең перспективалы ұчаскелер қамтылады. Салыстыру үшін айтсақ, кенес заманында жасалған және әлі күнге қолданылатын картаның бұрынғы масштабы 1:200 000 болды. Бұл — дәлдіктің 4 есеге артуы! Нақты карта — нақты инвестицияның кепілі.

20 жобаны жүзеге асыруға, аз зерттелген шөгінді бассейндер аумағында сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізуге, қазіргі заманғы геологиялық инфрақұрылымды құруға 240 млрд теңге немесе шамамен \$500 млн бағыттау жоспарланып отыр. Тағы да салыстырсақ, Қазақстан соңғы 15 жылда \$469 млн салды. Бұл — айтарлықтай серпіліс. Демек, мемлекет тәуекелге барып отыр. Ал тәуекел — көбіне үлкен өзгерістің алғышарты.

Биыл әэрогеофизикалық және далалық жұмыстар, соның ішінде геохимия, бұрғылау және арықтар қазу жоспарланған. Дала жұмыстары маусымның қорытындысы бойынша сынама аларға алдын ала зертханалық талдау жүргізіледі. Геологиялық түсірілім Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Түркістан, Абай, Ұлытау облыстарының аумақтарын қамтиды. Бүгінде осы жұмыс аясында мыс, алтын, қорғасын, мырыш, сирек жер элементтері, барит, боксит кен орындарын анықтау бойынша әлеуеті жоғары алаңдар анықталды.

Жалпы, Солтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария бассейндерінде мол

мұнай-газ қоры болуы мүмкін деп есептеледі: бұл аймақтарда 2D сейсмикалық барлау жұмыстарының 6 жобасын жүзеге асыру көзделген. Сейсмикалық барлау жүргізу мұнай мен газдың перспективалы құрылымдарын табуға, сондай-ақ қара алтын мен көгілдір отынның әлеуетті көлемін бағалауға жол ашады. Мысалы, Арал бассейнінде 20-дан аса мұнай-газдың перспективалы ұчаскесі анықталып, оларды аукционға шығару жоспарланып отыр. Барлық жоба 2028 жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс. Өнеркәсіп министрлігінің түсіндіруінше, осы егжей-тегжейлі масштабта жер қойнауын геологиялық зерттеуге көшу Еуроодақ, Канада, Аустралия сияқты елдердің тәжірибесіне сәйкес келетін геологиялық болжамдардың дәлдігін едәуір арттырмақ.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: АРХИВТІҢ ЕКІНШІ ӨМІРІ

Геология цифрландыру дәуіріне қадам басты. Ұлы дала қойнауында жасырулы қазынаны табуға Үкіметке жасанды интеллект көмектеспек. Президент Қ.Тоқаев жариялаған Цифрландыру және ЖИ жылында Қазақстанда геологиялық деректерді соның көмегімен цифрландыру, сақтау, жүйелендіру және тиімді пайдалану бойынша ауқымды жоба да жүзеге асырылып жатыр. Бұл мақсатта «Ұлттық геологиялық қызмет» АҚ ЖИ қолданылатын ақпараттық жүйе (Big Data) құру жобасын қолға алды. Жоба кен пайдаланушылардың қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Жасанды зерде арқылы цифрландырып, сканерлеудің негізгі мақсаты — 1950—1990 жылдары Қазақстандағы барлық геологиялық қорларда қалыптасқан тарихи геологиялық ақпараттың шамамен 5 млн бірлігін ЖИ технологиялары негізінде машина оқи алатын форматқа ауыстыру. Бұл елдің геологиялық ақпараттарына орталықтандырылған қолжетімділік беріп, пайдалы қазбаларды пайдалануға инвестициялық шешім қабылдауда маңызды фактор болады. Яғни, кез келген отандық не шетелдік инвестор ортақ порталға кіріп, архивте елеусіз жатқан кен орын тауып, оны игеруге қаржы сала алады.

Қазір бастапқы геологиялық ақпараттың 98%-дайы цифрландырылған (сканерленген). Бұл деректер қорындағы қағаз құжат, графикалық ақпараттар парак, магниттік таспа және картридж түрінде сақталып келген шамамен 5 млн жеке объектіні құрайды. Жоба аясында іздеуші оңайлау үшін интерактивті карта, аналитикалық құралдар және интеллектуалды чат-бот енгізілімек. Қазақстандағы барлық геологиялық ақпаратты толық цифрландыру және жүйелендіру процесін 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Қазақстан жер қойнауындағы байлықты жана деңгейде игеруге бет алды. Жүйелі реформалар, цифрландыру, халықаралық стандарттар — бәрі бар. Кең ауқымды әрі сан-салалы жұмыстар жүргізіліп жатқаны байқалады. Ендігі мәселе — сол байлықтың ел игілігіне әділ әрі адал қызмет етуі, талан-тараж болмауы. Қазына табу — бір басқа, оны сақтау мен ел игілігіне жарату — одан да күрделі. Тарихтың талабы да, уақыттың таразысы да Әділетті Қазақстанның аскарын осыған қарап өлшейді.

ҒЫЛЫМ

ОБЫРДЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН ҚОСПА

Бақшаңыздағы қызанақ пен қарбызға қызыл түс беретін пигменттің қатерлі ісік қаупін төмендетуге көмектесетінін білесіз бе? Екеуі де қарапайым өнім болып көрінгенімен, оның құрамында адам денсаулығы үшін аса маңызды табиғи компонент жатыр. Ликопин деп аталатын бұл пигмент бүгінде алматылық ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі ғылыми-зерттеу институтының» ғалымдары табиғи антиоксиданттар негізінде онкологиялық аурулардың алдын алуға көмектесетін биологиялық қоспа әзірлеп жатыр. Мамандар бұл жобамен екі жылға жуық уақыттан бері айналысып келеді.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Өнімнің басты ерекшелігі — оның табиғи құрамында. Белсенді қоспаның негізін каротиноидтар, дәрумендер мен органикалық қышқылдар секілді пайдалы элементтер құрайды. Одан бөлек, табиғи антиоксиданттардың үлесі де жоғары. Осындай қасиеттеріне байланысты ғалымдар оны жай ғана қоспа емес, ағзаға пайдалы функционалды өнім ретінде бағалап отыр. Институт ғалымдары бізге жобаның ғылыми жаңалығы мен өзектілігі туралы баяндап берді.

— Қазір әзірленіп жатқан биологиялық белсенді қоспаның ғылыми жаңалығы бірнеше бағытта көрінеді. Ғылыми жоба аясында отандық шикізат саналатын қызанақ пен қарбыз негізінде лycopин алу технологиясы ұсынылып, оны тұрақты формаға келтіру жолға қойылған. Лиофильді және инфракызыл кептіру әдістері арқылы биологиялық белсенді заттардың максималды сақталуын қамтамасыз ететін технология әзірленді. Өнімнің агроөнеркәсіпте де маңызы жоғары. Себебі ауыл шаруашылығында өндірілетін көкөніс және бақша өнімдерінің шамамен 40-50 пайызы әртүрлі себептермен өңдел-

мей, далада немесе сақтау кезінде жоғалады. Аталған технология мұндай шикізатты терең өңдеуге мүмкіндік береді, яғни қалдықсыз өндіріс элементтерін енгізуге ықпал етеді. Нарықтағы басқа өнімдермен салыстырсақ, бұл ББҚ табиғи отандық шикізаттан алынған, көпкомпонентті антиоксиданттық кешенге ие, — деді техника ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Өрсібай Шоманов.

Ғалымдардың дәл лиофильді және инфракызыл кептіру әдістеріне тоқталуы кездейсоқ емес. Әр технология өзіндік артықшылыққа ие. Мәселен, инфракызыл кептіру әдісі энергияны үнемдеймен, жылдамдығымен және микробиологиялық тұрғыдан қауіпсіз өнім алуға мүмкіндік беруден ерекшеленеді. Ең бастысы, өңдеу барысында өнімнің түсі, дәмі мен сапасы айтарлықтай өзгермейді. Ал лиофильді кептіру, керісінше, төмен температура жүргізіледі. Бұл термостабилді қосылыстарды, соның ішінде ликопинді сақтау қалауға көмектеседі. Осының нәтижесінде, өнімнің құрылымы бұзылмай, биологиялық белсенділігі сақталады.

American Cancer Society жариялаған 2024 жылғы деректерге назар аударсақ, 2022 жылы әлемде шамамен 20 миллион жана қатерлі ісік жағдайы тіркелсе, 9,7 миллион адам осы дерттен көз жұмған. Сарапшылардың болжамына, қатерлі



ісікке шалдығу көрсеткіші 2050 жылға қарай 35 миллионға жетуі мүмкін.

Институт ғалымдарының айтуынша, қатерлі ісікке қарсы препараттар әдетте әртүрлі тәсілмен, көбіне улы заттардан алынады. Ал олар препаратты көкөністен алуға жөн деп тапқан. Зерттеу аясында мамандар препараттардың бірнеше түрін әзірлеп жатыр. Оның ішінде профилактикалық әрі емдік мақсатта қолданылатын өнімдер бар. Мұндай қоспаларды күнделікті пайдалануға болады. Әсіресе, оның балалардың ағзасын онкологиялық аурулардан алдын алуға пайдалы болуы мүмкін.

— Қазір Қазақстан халқының рационалды каротиноидтар сияқты биологиялық белсенді заттардың тапшылығы байқалады. Бұл олардың жеткілікті мөл-

шерде табиғи көкөніс пен жеміс-жидек тұтынбауының салдары. Қосымша маңызды аспект — тағамдық мәдениеттің өзгеруі. Қалалық ортада өмір сүретін халықтың бір бөлігі тез дайындалатын, калориясы жоғары, бірақ биологиялық белсенділігі төмен өнімдерді тұтынуға бейім. Бұл антиоксиданттық қорғау жүйесінің әлсіреуіне әкелуі ықтимал. Лycopин адам организммен синтезделмейтіндіктен, оны тек тағам арқылы алу қажет. Сондықтан рационалды баыту немесе ББҚ қолдану — тағамдық заттардың тапшылығын өтеудің тиімді жолы саналады, — деді техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлжан Жұмалиева.

Мамандардың сөзінше, әзірленіп жатқан өнім өзіндегі синак кө-

зенінде. Сондықтан оның нақты қаншалықты тиімді екенін анықтау үшін қосымша зерттеулер жүргізілімек. Қазір ғалымдар өнімді дайындау технологиясын жетілдіріп, оны тағам құрамына енгізу бағытында жұмыс істеп келеді.

— Өнімді профилактикалық құрал ретінде қарастырудың ғылыми негізі ликопиннің антиоксиданттық қасиеттерімен тығыз байланысты. Ол еркін радикалдарды бейтараптандырып, жасушалардың зақымдануын төмендетеді және онкологиялық процестердің даму қаупін азайтады. Өнімнің құрамы адамның тәуелсіздік ликопин қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл оны тамақ рационын толықтыратын функционалды тағамдық өнім ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, — деді «Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсібі» ҒЗИ ғылыми қызметкері Асель Байзақова.

Осыған дейін белсенді қоспаның қауіпсіздігі мен сапасы физико-химиялық, микробиологиялық және органолептикалық көрсеткіштер бойынша бағаланған, сондай-ақ халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес талдан-дан өткен.

— Биологиялық белсенді қоспалар дәрілік препараттарға қарағанда міндетті түрде кен ауқымды клиникалық зерттеулерді талап етпейді. Жоғарыда атап өткеніміздей, әзірленіп жатқан өнімнің ғылыми негізін күшейту мақсатында доклиникалық және клиникалық зерттеулер жүргізу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Алайда мұндай зерттеулер үлкен шығынды, ұзақ уақыт пен заманауи жоғары технологиялық жабдықты қажет ететінін атап өткен жөн. Бірақ соған қарамастан, өнімнің қауіпсіздігін дәлелдеу үшін қажетті зерттеулер мен сынақтарды толық көлемде жүргізіміз, — деді профессор Ө.Шоманов.

Қазір ғалымдар қоспаға патент алуы көзделіп отыр. Егер жоба сәтті жүзеге асса, ол елімізде профилактика мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін өнімдердің бірі болмақ.

НАРЫҚ

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ҚАЗАҚСТАДАҒЫ ӨСІМ ҚАЛТАДАҒЫ АҚШАҒА АЙНАЛА МА?

Қазақстанда табыс өсіп жатыр деген ресми дерек бар. Бірақ сол табыстың нақты өмірдегі әсерін сезіну қиындап барады. Ұлттық экономика министрлігі 2025 жылдың төртінші тоқсанында жариялап, қазақстандықтардың нақты табысы 1,1 пайызға төмендегенін мәлімдеді. Қағаз жүзінде бәрі дұрыс сияқты: номиналды табыс 10,2 пайызға артқан, орташа табыс 238 мың теңгеден асқан. Бірақ дүкендегі баға, коммуналдық төлем, күнделікті шығын өскенін көргенде, 10 пайызға арты деген табыс қайда деген сұрақ туары заңды.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Ұлттық статистика бюросының дерегіне, 2025 жылдың төртінші тоқсанында орташа айлық жалақы 473 мың теңгеге жетіп, бір жылда 8,8 пайызға артқанымен, нақты жалақы 3,2 пайызға төмендеген. Яғни, табыс көбейгенмен, оның сатып алу қабілеті керісінше азайған. Бұл көрсеткіштер экономикадағы өсім мен халықтың күнделікті тұрмысы арасындағы алшақтықтың әлі де сақталып отырғанын аңғартады.

Бұл үрдісті қаржы сарапшылары да растап отыр. Nalyk Finance сараптама орталығының маманы Арслан Ароновтың айтуынша, мәселе тек жалақының баяу өсуінде емес, оған да терең — халықтың сатып алу қабілетінің әлсіреуінде жатыр. Оның дерегіне сүйенсек, 2025 жылдың төртінші тоқсанында қазақстандықтардың нақты табысы инфляцияның әсерінен 2,9 пайызға төмендеген. Яғни, табыс өсіп жатқандай көрінгенмен, баға одан жылдам көтеріліп, ақшаның құны төмендеп отыр. Сарапшының сөзінше, экономиканың жалпы өсімі халықтың тұрмысына толық әсер етпей отыр.

«ЖІӨ өсіп жатыр деген көрсеткіш бар. Бірақ бұл өсім азаматтардың табысына дәл сол деңгейде жетпейді. Мұндай алшақтық экономика құрылымының тұрақсыз екенін көрсетеді», — дейді Арслан Аронов. Оның айтуынша, аталмыш жағдай көбіне мұнай



секторына тәуелді өсіммен байланысты. Яғни, экономикада ақша бар, бірақ ол барлық салаға бірдей тарала бермейді деген сөз.

Бұл өзгеріс халықтың тұтыну дағдысынан да анық байқалады. Бұрын адамдар табысының бір бөлігін киімге, тұрмыстық техникаға немесе қызметтерге жұмсаса, қазір негізгі шығын азық-түлікке кетіп жатыр.

«Біз халықтың шығынының құрылымында өзгеріс барын көріп отырмыз. Азық-түлікке жұмсалатын қаражаттың үлесі өсіп келеді. Ал басқа тауарлар мен қызметтерге сұраныс керісінше төмендеген», — деп есептейді сарапшы. Демек, қарапайым тілмен айтқанда, адамдар бұрынғыдай емін-еркін қажетіне ақша жұмсай алмайды.

Арслан Ароновтың айтуынша, бұл — тек уақытша құбылыс емес, ұзаққа созылуы мүмкін үрдіс. Себебі халықтың табысы мен шығысы арасындағы теңгерім бұзылған.

«2025 жылы халықтың нақты табысы да, шығысы да төмендеді. Бірақ табыстың төмендеуі жылдамдық. Бұл айырмашылық

адамдардың жетпеген ақшаны қарызбен жаба бастағанын көрсетеді», — дейді ол.

Соңғы жылдары тұтынушылық несие көлемі айтарлықтай өскені де осыны айғақтайтынды. Тағы бір маңызды жағдай, табыстың негізгі бөлігі жалақыдан тұрады. Сарапшының айтуынша, халық табысының шамамен 75 пайызы еңбек ақысынан қалыптасады. Ал егер жалақының өзі инфляциядан қалып қойса, жалпы табыстың өсуі туралы айту қиын.

«Егер жалақы нақты мәнде өспесе, басқа табыс көздері оны толық өтей алмайды», — деп түсіндіреді маман. Десе де, ол мәселені шешудің жолы — экономиканың құрылымын өзгерту екенін жасырмайды. «Бізге тек өсім емес, сапалы өсім керек. Еңбек өнімділігін арттыру, экономиканы ынталандыру, жеке инвестицияны көбейту маңызды. Сонда ғана халықтың табысы тұрақты түрде өседі», — дейді Арслан Аронов.

Сонымен қатар ол адами капиталға инвестиция салудың маңызын атап өтті. Білім, кәсіби білік, жаңа дағдылар — табыстың

негізгі көзіне айналуға тиіс. «Ұзақ мерзімде халықтың әл-ауқаты тек жалақыны көтерумен емес, жалпы экономиканың сапасын жақсартумен байланысты», — дейді сарапшы.

Осы жағдайға байланысты Ұлттық экономика министрлігі де ресми түсініктеме беріп, нақты табыстың төмендеуі кездейсоқ құбылыс емес екенін ашық айтты. «Нақты кірістің төмендеуі, экономиканың өсуі әлі де халықтың әл-ауқатына толық әсер етпейтінін көрсетеді. Яғни, пайданы қайта бөлу мәселесі туындайды. Мұндай жағдай жұмыспен қамтуды арттыру, тұрақты жұмыс орындарын құру, сондай-ақ жалақыны арттыру жөніндегі шаралардың өзектілігін көрсетеді», — деп мәлімдеді ведомство.

Мәселенің түп-төркіні — табыстың қалай бөлініп жатқанында. Министрлік ұсынған мәлімдемеге сүйенсек, экономикада ақша бар, өндіріс те, қызмет көрсету саласы да, экспорт та өсіп жатыр. Бірақ сол өсімнің игілігі жұмыс істеп жүрген адамдарға бірден жетпейді. Кәсіпорындар табысын көбейткенмен, жалақыны сол қарқынмен өсіріп отырған жоқ. Жалақының өзі жылына 10 пайыздан артық өспейді, ал кейбір мекемеде бұл туралы сөз де қозғалмайды. Нәтижесінде, қағаздағы өсім мен қалтадағы нақты ақша арасында айырмашылық алыстай бермек. Министрлік те мұны жанама түрде мойындап отыр.

Бұған бизнестің өзі де белгілі бір деңгейде тәуелді. Кәсіпкерлердің шығыны көбейген: логистика қымбаттады, валюта бағамы құбылып тұр, сыртқы нарықтағы жағдай тұрақсыз. Осындай жағдайда олар ең алдымен шығынды қысқартуға тырысатыны хақ.

Сонымен қатар ведомство табыстың неге ЖІӨ-мен қатар өспейтінін де түсіндіріп берді. Экономикадағы өсім көбіне ірі салалар арқылы қалыптасады, ал ол қарапайым қызметкердің табысына бірден әсер ете бермейді. Оның үстіне, бизнес үшін еңбекақы қоры — тұрақты шығын. Ал қазіргі жағдайда

кәсіпкерлер сыртқы тәуекелдерді көбірек ескеруге мәжбүр. Логистикадағы қиындықтар, валюта бағамының құбылуы, геосаяси тұрақсыздық — мұның бәрі жалақыны көтеруге мүмкіндік бермейді.

Бірақ министрлік тек себептерді тізіп қоймай, алдағы жоспарларын да атап өтті. Бүгінде Үкімет нақты табысты арттыруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырып отыр. Бұл үшін инфляцияны төмендету, тарифтік саясатты реттеу, бюджеттік шығындарды ынталандыру сияқты кешенді шаралар қолға алынбақ.

«Азаматтарымыздың нақты табысының өсуін қамтамасыз ету — мемлекеттік саясаттың басты басымдығы. Үкіметтің, Ұлттық банк пен қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2028 жылға дейінгі бірлескен іс-қимыл жоспары іске асырылуы. Оның мақсаты — нақты кірістердің +2-3% деңгейінде өскенін қамтамасыз ету. Бұған инфляция деңгейін кезең-кезеңімен төмендету арқылы қол жеткізу жоспарланып отыр. Бағалар баяу өскен кезде жалақының да нақты өсімі байқалады. Сонымен қатар жұмыспен қамтуды арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы шаралар жалғасады», — деп мәлімдеді министрлік.

Расымен, соңғы уақытта бұрынғыдай Ұлттық қордан қомақты қаржы тарта бермей, ішкі мүмкіндіктерге сүйену күшейіп келеді. «Бұл экономиканың «жасанды демеумен» гөрі, нақты тірекке көшіруге бағытталған қадам», — дейді мамандар. Сонымен қатар алдағы жылдары жаңа жұмыс орындарын ашу, жалақыны біртіндеп өсіру мәселесіне басымдық беріліп отыр. Әсіресе, Үкімет өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы он өзгерістерден үмітті. Әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалмайды: табысы төмен отбасыларға бұрынғыдай көмек көрсетіледі. Алайда бұл жоспарлардың нәтижесі уақыттың еншісінде қалмақ.

Парсы шығанағындағы соғыстың жанама әсері әрісі әлем, берісі аймақ экономикасына әсер етіп жатыр. Мұнай бағасынан бастап, тасымал мәселесі күрделене түскен жайы бар. Тасымал дегеннен шығады, соғыстың салқыны Каспий теңізіне де жетті. АҚШ және Израиль ұшақтары бірнеше рет Ирандық Каспийдегі порттарына соққы жасады. Демек, парсылар еліне түрлі өнім, соның ішінде арпа-бидай жөнелтіп келген Қазақстан үшін бұл жағдай ойландыратын мәселеге айнала бастады деген сөз.

БИДАЙ ЭКСПОРТЫНДАҒЫ «МАЗАСЫЗ» БАҒЫТ

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Ауыл шаруашылығы министрлігі деректеріне қарағанда, Қазақстанның Иранға экспорттаған бидайының көлемі соңғы бірнеше жылда біршама өсіпті. Айталық, 2023 жылы 86 мың тоннаны бидай жөнелтсек, 2024 жылы 1,1 млн тоннадан асыпты. 2025 жылы 1 млн тонна бидай Парсы еліне жеткізілген. 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында 31 мың тонна бидай экспортталыпты.

КҮРЕЖОЛДЫН МАШАҚАТЫ

Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда, еліміз жылына орта есеппен 7-8 млн тонна көлемінде бидай экспорттайды. Қазақстан бидайын тұтынушылар тізімінің басында Өзбекстан тұр. Көріш мемлекет жылына 3-3,5 млн тонна көлемінде бидай алады. Екінші орынға Тәжікстан жайғасып, шамамен жылына 1-1,5 млн тоннаға дейін бидайымызды сатып алады. Үшінші орынды Қытай иеленіп, бидайымызды импорттау көлемі 1 млн тоннадан асты. Ал төртінші Иран түйіндейді. Кейінгі екі жылда Иранның Қазақстаннан импорттаған бидайының көлемі 1 млн тоннадан түскен емес. Ал биыл жағдай басқаша болатын сынайлы.

Жылдың алғашқы тоқсаны аяқталды. Ал Қазақстанның Иранға экспорттаған бидайының көлемі көп емес. Аймақтағы әскери жанжал Қазақстанның бидай экспорттын біршама уақыт тежеді. Еліміз ақпанның аяғы мен наурыз басында Иранға астық жөнелтуде екі аптаға жуық үзіліс жасауға мәжбүр болды. Кейін «Ақ Бидай терминалы» арқылы бидай жөнелттік. 2026 жылдың басынан бері терминал арқылы Иран нарығына 31 000 тонна қазақстандық астық жөнелді. Әдетте, бұл уақытта кемі 50-70 мың тонна көлемінде бидай экспортталуға тиіс-тұғын. Яғни, жылдағы мөлшерден екі еседі төмендегені байқалады. Жалпы, ай сайын 100 мың тонна тұрақты бидай жөнелту көзделген меже болатын. Бірақ дәлгітен мақсатқа, биыл жете алмай келеміз.

«Қазақстанның Астық одағы» талдау комитетінің басшысы Евгений Карабанов та, Иранға астық тасымалдаудың қиындағанын жасырмады.

— Біз Иранға астық сататын едік. 2024-2025 маркетингтік жылы Қазақстан арпасының Иранға экспорты 1 млн 228,4 мың тоннаны құрады. Бірақ әскери қимылдар барлық келісімшарттар үшін тікелей фор-мажорға айналды. Бүгінде жеткізілімнің бәрі тоқтады. Қалыптасқан ахуалға байланысты бұл бағыттағы экспорт көлемі тек төмендей беретін түрі бар, — деп ашығын айтқан еді ол.

Бір жыл бұрын, Иран елшісі мен Ауыл шаруашылық министрі кездесіп, біздің тарап, 2 млн тонна бидай, 1 млн тонна арпа, жалпы көлемі 3 млн тоннаға дейін астық өнімдерін жеткізуге қауқарлы екенімізді мәлімдеген болатын. Арпа, бидай, жалпы астық тасымалы бойынша, екіжақты уағдаластық та болған. Алайда Таяу Шығыстағы геосаяси ахуал, бұл уағдаластықты да толық орындауға мұрша бермей тұрғаны айқын сезіле бастады. Бұл ойды қаржы сарапшысы, экономист Бексұлтан Ысқақов та қоштайды.

— Иран мен Израиль, АҚШ арасындағы соғыс әзір тоқтамайтын түрі бар. Оқтын-оқтын бірін-бірі бомбалап жатыр. Бізге астық экспорты бойынша бұрынғы жолдар, уағдаластықтар өз кезегінде түгелдей орындала алмай жатыр. Себебі геосаяси ахуал күрделі. Сондай-ақ Талибан үкіметі «Талибан және Орталық Азия» деген жиын жасап экспорт, импорт мәселесін қарапты. Енді Ауғанстанға арпа, бидай, күрішті көбірек сатайын десең, өте қауіпті. Себебі Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы қақтығыс та ұшығып тұр. Сондықтан бұл соғыс жақын арада тоқтамаса, экономикалық тұрғыдан өз зардабын тигізбей қоймайды, — деп сараптайды экономист.

ЖАНА НАРЫҚ ҚАЖЕТ

Астық, соның ішінде арпа мен бидай экспорты біз үшін өте үлкен стратегиялық, экономикалық міндет. Былтыр Үкімет 27,1 млн тонна астық жиналып, рекордтық деңгейге жеткенімізді мәлімдеген болатын. Ал сол астықтың жартысынан астамын осы уақытта экспорттап, қалғанын кәдеге жарататын едік. Енді сол жеке мұн болып тұр.

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ деректеріне сәйкес, 2025 жылғы қыркүйектен 2026 жылғы наурызға дейінгі кезеңде астық пен ұнның экспорты 8,9 млн тоннаға құрапты.



Бұл былтырғы осы кезеңімен салыстырғанда 1 млн тоннаға артық екен.

АШМ-ның деректеріне зер салсақ, экспорттың негізгі бағыттары бойынша он динамика байқалған. Атап айтқанда, Өзбекстанға жеткізілімдер 14%-ға өсіп, 6,6 млн тоннадан 7,5 млн тоннаға жетті. Қырғызстанға экспорт 1,8 есеге артып, 194 мың тоннадан 354 мың тоннаға дейін көбейді. Ауғанстанға жеткізілім көлемі 24%-ға өсіп, 1,1 млн тоннадан 1,3 млн тоннаға жетті. Түрікменстанға экспорт 1,5 есеге ұлғайып, 94 мың тоннадан 145 мың тоннаға дейін артты. Бірақ бұл тізімнің ішінде бұрыннан қалыптасқан



Мәселе тек нарық табуда емес, сол нарыққа тиімді әрі тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыруда. Қазіргі жағдай — тек сынақ емес, жаңа мүмкіндіктер кезеңі.

Иран бағыты байқалмайды. Демек, жаңа бағыттар іздеу қажет дегенді аңғартады. Бұл ойды біздің сарапшылар да құптап отыр.

Белгілі саясаттанушы Дос Көшімнің пайымдауынша, Таяу Шығыстағы толассыз қақтығыстарда біздің ел тек астық экспортынан ұтылып қалуы бек мүмкін. Сондықтан ол жаңа нарық іздеу қажет деген пікірде.

— Біздегі басты мәселе — бидайда. Негізінде, Қазақстан Иранға едәуір бидай экспорттап келді. Енді астық тасымалы тоқтау мүмкін. Соның салдарынан тағы да жаңа елдер іздеп, бидай, үн өнімдерін сатуға тура келеді. Өйткені оқ пен оттың, санкцияның астында жатқандықтан, оларға тасымалдау қайта-қайта тежелі беріледі. Сондықтан Еуропа елдері, іргедегі Қытайға көбірек сатуға тырысу керек. Каспий теңізі арқылы Әзербайжанға өтіп, одан әрі сатылып жатса, геосаяси қиындық біреунде туындай қалса, келесісіне астық, оның ішінде арпа-бидай сатуға мүмкіндік ашыла береді. Бұл сонда түрлі қиындықтардан алып шығатын, әлеуетімізді

түгендеп тұратын дәліз болар еді. Ендігі жерде Таяу Шығыстағы қақтығысқа байланысты Иранмен сауда-саттық мәселелері күрделенеді, қиындайды, — дейді саясаттанушы.

АШМ-нің мәліметінше, былтыр жаңа өнім астығын жеткізу көлемі 8,5 миллион тоннаға жетті, яғни 2024 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 14 пайызға жоғарылапты. Дегенмен Иран, құзырлы орган мәліметінің жалпы тізімінен түсе қоймапты. Мәселен, астық Вьетнамға, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Солтүстік Африка елдеріне экспортталып, Иранға, Әзербайжанға және

нарыққа тәуелді болу — үлкен стратегиялық қателік. Сондықтан қазіргі ахуал бізден жедел әрі жүйелі шешімдерді талап етеді. Ең алдымен, астық экспортында нарықтарды орта-раптандыру мәселесіне басымдық беру қажет. Қазақстан үшін дәстүрлі әрі географиялық тұрғыдан қолайлы Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдері тұрақты бағыт болып қала береді. Алайда бұл нарықтардың сыйымдылығы шектеулі екенін ескеру керек. Орта және ұзақмерзімді перспективада негізгі назарды ауқымды әрі төлем қабілеті жоғары нарықтарға аудару қажет. Мәселен, Қытай бағыты — үлкен мүмкіндік. Бірақ бұл нарыққа шығу үшін өнім сапасы, фитосанитарлық талаптар және келісімшарттық тәртіп халықаралық стандарттарға толық сай болуға тиіс. Сонымен қатар Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Египет секілді Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдері де астық импорты бойынша ірі әрі перспективалы нарықтар саналады. Бұл ретте Әзербайжан, Грузия және Түркия арқылы өтетін көлік-логистикалық бағыттардың маңызы арта түседі. Яғни, мәселе тек нарық табуда емес, сол нарыққа тиімді әрі тұрақты жеткізу тізбегін қалыптастыруда. Қазіргі жағдай — тек сынақ емес, жаңа мүмкіндіктер кезеңі. Егер Қазақстан экспорт географиясын кеңейтіп, логистиканы дамытып және өнім сапасын халықаралық талаптарға сәйкестендірсе, онда біз астықты тек шикізат ретінде емес, стратегиялық экспорттық өнім ретінде тиімді өткізе аламыз, — дейді экономист.

Токетері, бұрын Иранға, Таяу Шығыс, Парсы шығанағы елдеріне астық экспортын ұлғайтуға күш салып келдік. Енді ол жақтарда, геосаяси ахуал күрделеніп, біздің арпа-бидай экспорты қиындады. Ал экономист, саяси сарапшылар, соғыс тоқтайтыннан демеулене әбестік, одан да жаңа бағыт іздеп, өнімнің ішіндегі сапасын халықаралық стандарттарға сай ету қажет деп біледі. Біздің атқамінерлер де жаңа нарық іздеп, Әзербайжан, Қытай, Еуропа нарығына қарай күш салатынын байқайты. Ендеше «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай», қамбада астықты шіртпей, он жамбасымызға келетін нарық тапқан жөн сияқты.

ҚОҒАМ

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Мария Мұхтарқызы Ақтөбе облысы Темір ауданының Шұбарқұдық кентінде дүниеге келген. Қарапайым отбасында өссе де, тәлім-тәрбиесі терең, құндылығы берік ортада қалыптасты. Анасы ұстаздық жолды таңдаса, әкесі мемлекеттік қызметте басшылық қызметтер атқарған. Осындай орта бала бойына ерте жастан тәртіп, жауапкершілік, еңбекке адалдық секілді қасиеттерді сіңіретіні белгілі. Бұл қасиеттер кейін оның бүкіл өмір жолының өзегіне айналды.

Бес баланың ортасында өскен Мария Мұхтарқызы жастайынан белсенді, алғыр болып қалыптасты. Мектеп қа-

бырғасында жүргенде-ақ қоғамдық жұмыстарға араласып, пионер, кейін комсомол ұйымдарының белсенді мүшесі болды. Бұл кезең оның ұйымдастырушылық қабілетін шыңдап, адамдармен жұмыс істеудің алғашқы мектебіне айналды.

Еңбек жолын қарапайым қызметтен бастауы да оның өміріндегі маңызды тәжірибе болды. Өмірдің шынайы мектебі адамды тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, адамдық тұрғыдан да қалыптастырады. Ол әр кезеңде өзіне жүктелген міндетке адал қарап, істі соңына дейін жеткізуге дағдыланды. Осы табандылық пен

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРДІҢ ЖАРҚЫН БЕЛЕСІ

60 жас – өмір өлшемі ғана емес, жүріп өткен жолдың салмағын, атқарылған істің мәнін таразылайтын тағылымды белес. Биыл осы белесті абыроймен қарсы алып отырған Мария Өтебаеваның ғұмыры – мағынасы терең, өнегесі мол тұлғалық жолдың жарқын көрінісі.

жауапкершілік оны біртіндеп үлкен міндеттерге алып келді.

Қоғамдық-саяси салада ұзақ жыл еңбек еткен Мария Мұхтарқызы әрдайым адамдармен тікелей жұмыс істеуді басты орынға қойды. Оның қызметіндегі ерекшелік – тек тапсырманы орындау емес, әр мәселенің түпкі мәніне үңіліп, нақты шешім табуға ұмтылу. Әсіресе, азаматтардың өтініштері мен мәселелеріне бейжай қарамай, желел әрекет етуі оны көпшілікке жақын етті.

Онымен қызметтес болған әріптестері оның ұйымдастырушылық қабілетін ерекше атап өтеді. Кез келген жұмысты жүйелі жоспарлап, нақты нәтижеге бағыттай білу – оның басты артықшылығы. Бұл қасиет, әсіресе, жауапты кезеңдерде айқын көрінді. Реферendum науқаны кезінде бірге жұмыс істегендер оның әрбір детальға мән беріп, жұмысты мінсіз

ұйымдастыруға тырысатынын жиі айтады. Кездесулердің нақты кестесін құрып, әр құрылыммен үйлесімді байланыс орната білуі – кәсіби шеберлігінің дәлелі.

Мария Мұхтарқызы үшін қызмет – жай ғана жұмыс емес. Ол оны жауапкершілік деп қабылдайды. Сондықтан да оның әр қадамы, әр шешімі адамдардың сенімін ақтауға бағытталған. Бұл – бүгінгі қоғам үшін аса маңызды қасиет. Себебі сенім – кез келген қызметтің ең басты өлшемі.

Оның еңбегі мемлекет тарапынан да лайықты бағасын алды. «Ерен еңбегі үшін» медалі, түрлі мерейтойлық марапаттар мен халықаралық ордендер – ұзақ жылдық адал еңбектің нәтижесі. Ал 2025 жылы берілген «Құрмет» ордені – оның кәсіби жолының маңызды белестерінің бірі.

Мария Мұхтарқызының өмірлік ұстанымын бір ауыз сөзбен сипаттау керек

болса, ол – адалдық. Ол үшін лауазым – атақ емес, міндет. Қызмет – жеке пайда табудың жолы емес, қоғамға қызмет етудің мүмкіндігі. Осындай көзқарас оны әрдайым биік ұстап келеді.

Бүгінде ол «АМАНАТ» партиясы Астана қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары ретінде жұмыс істеп, қоғамдық-саяси процестерге белсене араласып келеді. Сонымен қатар жас буынға бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөлісуі – оның өмірлік жолының заңды жалғасы. Өйткені шынайы тәжірибе тек жинақталмай, келесі буынға берілуі керек.

60 жас – бір белес. Бұл – өткен жолға көз жүгіртіп, атқарылған істі саралайтын, алдағы күнге жана мақсат қоятын кезең. Осындай айтулы сәтте мерейтой иесіне зор денсаулық, отбасы амандығы, сарқылмас күш-қуат тілейміз. Ең бастысы – ел игілігі жолындағы еңбегі жалғасын тауып, тәжірибесі мен білімі әлі талай игі іске қызмет етсін.

Гүлбарар МЕДИЕВА,
Ұлттық инженерлік академияның вице-президенті

ДАУА

Жақында Алматыда 1957 жылы туған науқастан 25 келі болатын алып ісік анықталды. Қатерлі ісік жамбас және құрсақ қуысында пайда болған. Ол шамамен 2 ай ауырғанда, медициналық көмекке жүгінбей, өз бетінше дәстүрлі емес әдістермен емделген. Дәлірек айтқанда, бірнеше ай түрлі ББҚ өнімін (биологиялық белсенді қоспа) алып ішіп, тіпті онысын жақындарынан жасырып, кредитке де алған. Нәтижесінде, ісік бірнеше есе жылдам өсіп, жағдайы күрт нашарлайды. Кейін Алматыдағы онкология орталығына барып, мамандар шұғыл отаға кірісіп, науқастың өмірін сақтап қалды. Қазір ол химиотерапиядан өтіп жатыр, мамандардың ұдайы бақылауында. Жұрт «БАД» деп атап кеткен өнімдерге қатысты қауіпті жағдай жиілегенімен, жұрттың сенімсіз өнімдерге құмарлығы басылмай тұр.



болады. Адам ағзасында қандай да бір жетіспеушілік болса, әсіресе әйел адамдарда дәрумен тапшылығы туса, дәрумендерді жеке-жеке алып ішуге болады. D3 дәруменін, темірді сатып алып, ББҚ ретінде іше аламыз. Құрамында 20 түрлі дәрумен бар, 100 түрлі минерал бар деген ББҚ-лар – барып тұрған жалған өнімдер. Ондай өнімдердің құрамында дәрумен болса да, өте аз мөлшерде кездеседі, қалғаны – толған синтетика, – дейді Ж.Нұрбергелен.

Демек, мемлекеттік тіркеуден өткен, құрамында бөге қоспасы жоқ сенімді дәрумендерді қолдануға болады. Мысалы, С дәрумені табиғи күйде болса, имунитетті көтеру үшін балаларға да, ересектерге де ішуге болады, алайда маман ББҚ түгілі, дәріханадағы өнімдерге күмәнмен қарау керек дейді.

– Рак ауруын шақыратын зиянды ББҚ-ның бірі – дәріханада сатылатын қарапайым аскорбин қышқылы десем, қателеспеймін. Аскорбин қышқылын С дәрумені деп ойлаймыз ғой. Табиғи цитрус өсімдіктерден, итмұрыннан бөлініп алынатын С дәрумені аскорбин қышқылы секілді 200-300 теңге тұрмайды. Цитрустан С дәруменін бөліп алу – ұзақ әрі қымбат процесс, олар нарықта аскорбат түрінде кездеседі. Дәріханадағы дәрумендердің өзінде де көп жағдайда синтетикалық қоспа бар. Табиғатта кездеспейтін, химиялық жолмен жасалатын нәрселер қай кезде де ағзамызға зиян. Аскорбин қышқылын ұзақ уақыт ішетін болсаңыз, тас болып жиналу қаупі жоғары және канцерогенді әсер етеді, – дейді маман.

Ж.Нұрбергеленнің сөзінше, синтетикалық құрамды дәрілердің қаптамасына зер салсаңыз, 7 күннен артық ішуге болмайды деген ескертпе жазылып тұрады. ББҚ-ның құрамында синтетика болса да, мұндай ескертпенің бірін көрмейсіз, тіпті қауіпті қоспалардың барын да жазып көрсетпейді. Өкініштісі,

«БАД»-ТЫҢ БӘРІ САУЛЫҚ СЫЙЛАМАЙДЫ

Айсұлу СЪЕЗХАН

Быттыр елімізде 1,5 мыңнан аса адам биологиялық қоспаны заңсыз сатқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған, яғни олар халыққа мемлекеттік тіркеуден өтпеген қауіпті өнімдерді сатып келген. Ал 2024 жылы 107 биологиялық қоспаның 28-сі техникалық регламент талабына сәйкес келмей, сатудан алынды. Дегенмен дәріхана мен дүкен сөрелерінде кеселге әкеп соқтыратын тауарлар әлі де бар. Себебі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті шағым түссе немесе жоспарлы түрде ғана кей өнімдерді зерттеуден өткізеді. Комитеттің бас сарапшысы Гүлбану Есдәулетова ең алдымен өнімнің құжатына зер салу керек екенін мәлімдеген еді.

– Байқасаңыздар, қазір жарнама таратушылар әлеуметтік желілерде ББҚ-ның сертификаты бар деп айтып жатады. Биологиялық белсенді қоспалардың қауіпсіздігін растайтын бір ғана құжат бар, ол – мемлекеттік тіркеуден өткені туралы куәлік, – дейді маман.

Халық көз сүрінетін жарнаманың құдіретіне сенгені сонша, ББҚ-ны он екі мүшесін түгелдей емдеп жазатын кереметтің біріндей көреді. Мамандардың айтуынша, бұл керемет өткен ғасырдың бірінші жартысында ғана пайда болған, ғылыми тұрғыдан толық зерттелмеген. ХХ ғасырда америкалық химик Карл Ренборг Қытай түрмесінде жатқанда, аштан өлмеу үшін түрлі шөптесін өсімдіктерді жинап, осы өнімді жасайды екен. Түрмеден шыққан соң білі істі ермек етіп, тәжірибесін дамыта түседі, алғашқы өнімін достарына тегін таратып та көреді. Жақындары тегін дүниеге күмәнмен қарағандықтан, әлемдегі алғашқы дистрибуторлық желіні ойлап тапты. Желілік маркетинг осылайша өмірге келген екен. Өткен ғасырдан бастау алған бұл өнімнің пайдасы мен зияны жөнінде Астана медицина университеті, академик Е.Даленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, нутрицио-

логия магистрі Жанна Нұрбергеленнен сұрап білген едік.

– Дәрігерлердің қатары да екіге бөлінді, біреуі биологиялық қоспаны ішу керек десе, енді бірі одан аулақ болу керек дейді. ББҚ-ны ішу керек, бірақ сапалы, дұрыс өнімді таңдап-талғап алу маңызды. Еш жерде тіркелмеген желілік маркетингтердің өнімі, құрамы түсініксіз қоспалар қазір көптеп сатылып жатыр. Одан бөлек, шетелдік сайттардан тапсырыс беріп, ББҚ ішетін халықтың да саны артты. Туысқаным ішті, жеңгеме көмектесті, мына әнші жақсы деп айтты, тағы сондай жарнамаға еріп ішетін жұрт көп. ББҚ-ны таңдаған кезде сауатты, білікті маманнан, интегративті дәрігерден міндетті түрде кеңес алу керек. Кез келген өнімді тек дәрігердің нұсқауымен ішкен дұрыс. «Дәрумен ішу керек екен, ББҚ-

масында құрамы, сақтау мерзімі, жасалған орны жазылмаған, беймәлім өнімдер де сатылып жатыр. Медициналық сауаты жоқ адамдар сондай өнімге ұрынады да, ауыр жағдайға тап болады. Бұл өнімдерде синтетикалық, химиялық қоспалар көп болады. Олар адамға ауыр зардап тигізіп, канцерогенді әсер етіп, түрлі онкологиялық аурудың пайда болуына себеп болып отыр. Алдымен ас қорыту жүйесіне кері әсер етіп, ішек микрофлорасын бүлдіреді. Микрофлора бұзылған жерде басқа да ауру пайда бола бастайды, – дейді Жанна Нұрбергелен.

Әр адамның ағзасы әртүрлі, егер адамның генетикасы мықты болса, ББҚ ағзаға жеңіл сіңіп, зиян тигізбей шығып кетуі де мүмкін. ББҚ генетикасы әлсіз, ауруға бейім адамға бірден кері әсерін тигізеді. Ал халық ББҚ-ны дәрімен

«**Әр адамның ағзасы әртүрлі, егер адамның генетикасы мықты болса, ББҚ ағзаға жеңіл сіңіп, зиян тигізбей шығып кетуі де мүмкін. ББҚ генетикасы әлсіз, ауруға бейім адамға бірден кері әсерін тигізеді.**

ның заманы» деп біреудің айтқанына сеніп жүре беруге болмайды, – дейді ғалым.

Маманның айтуынша, асқынған ауруы бар науқастарға ББҚ ішуге мүлдем болмайды, ББҚ ауруды қоздырып, асқазан жарасының пайда болуына әкеледі. Адам ағзасында қатерлі ісік болған жағдайда ББҚ-лар рак клеткаларының көбеюіне әсер ететінін ғалымдар да дәлелдеп отыр.

– Адам ағзасында қандай да бір ақау, әсіресе ас қорыту жүйесінің аурулары кезінде ББҚ ішуге мүлдем кеңес бермейміз. Ас қорыту жүйесі сау болмаса, ББҚ ағзаға сіңбейді. Екіншіден, жарасы бар жерді ұшықтырып, жараны тітіркендіріп, үлкейтіп жіберуі мүмкін. Қапта-

қатар, дәрумен ретінде де қолданып жүр. Әрине, кез келген биологиялық қоспа дәрумен жиынтығына ұқсауы мүмкін. Дәрі, дәрумен мен ББҚ-ның үшеуі – үш түрлі ұғым. ББҚ – азық болса, дәрумен де – дәрі. Дәруменге түрлі зерттеу мен сынақ жүргізеді және фармацевтикалық сертификат беріледі, бірақ ББҚ дәруменнің орнын толық баса алмайды, адамға емдік әсер бермейді. Сонда ББҚ-ны қандай жағдайда ішу керек? Жанна ханым өнім табиғи күйінде әрі талаптарға сай келсе, дәрігердің кеңесін алып ішуге болатынын айтады.

– ББҚ – қандай да бір шөптерден, жеміс-жидектерден, балықтан, балдырлардан алынған табиғи өнім болса, тағамға қосымша ретінде қолдануға



АЙМАҚ

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

БІРЛІК БАРДА БӨГЕТ БЕРІК

Әр көктем сайын елдің әр қиырындағы қалың халықты әбігерге салатын су тасқыны биыл да ақмолалықтарды қатты алаңдатып отыр. Күмән себепсіз болмады, өткен жексенбіде Қорғалжын ауданындағы «Шөптікөл» бөгеті жарылып, ауыл халқына қауіп төнді. Десек те, жергілікті билік тасқынға биыл ерте бастан-ақ қамданғанын айта кету керек. Бұл тұрғыда ауыз толтырып айтар істер аз емес.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Әсіресе, еріген қардың суымен әпсәтте жағасындағы елді мекендерді шайып, жолындағысын жайпап кететін Жабай, Қалқұтан, Есіл сияқты өзендердің арнасы қамыс пен коқыстан тазартылып, табаны тереңдетілген болатын. Елді мекендерді су шайып кетпес үшін бөгендер нығайтылып, төтенше жағдайға әзір болуы үшін тәулік бойы тынымсыз әзірлікке көшкен. Алайда көктемгі тасқынға дайындығы соңғы кезеге жеткенде «Шөптікөл» шыдас бермей қалды.

АТБАСАР: АЛДЫН АЛУ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

Осыған дейін бірнеше жыл бойы жүздеген үйді жермен-жекпен етіп, миллиардтаған қаражаттың шығындалуына себепкер болған Атбасар қаласындағы Жабай өзенінің жағалауында біршама жұмыс атқарылды. Бұрын ені небәрі 30 метр болған өзен арнасы бүгінде 4 есеге кеңейіп, 120 метрге жеткен. Ал кеше ғана толарсақтан аспай, жаяу кешіп өте беретін өзеннің тереңдігі қазір 5 метрге жетті. Аудан әкімі Кеңеш Әлімжановтың айтуынша, негізгі басымдық – апаттың салдарын жою емес, оның алдын алуға бағытталып отыр.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, қала көшелерінен қыс бойы 180 мың текше метрден астам қар шығарылған. Бұл – су тасқынының алдын алуға маңызды қадамның бірі. Әкімнің айтуынша, қар шығару жұмыстары тоқтамауға тиіс, өйткені бұл көшелердің тез кебуіне және тұрғындардың жайлы өмір сүруіне тікелей әсер етпек.

Ауданда су тасқынына қарсы күресте бірқатар инженерлік шешім де сәтті жүзеге

асыпты. Атап айтқанда, қала маңында үш су өткізу құрылысы орнатылып, Жақсы ауданынан келетін еріген қар суын Жабай өзеніне бағыттау мүмкіндігі жасалған. Сонымен қатар Тараз қаласындағы Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсынысымен екі бірдей жана бөгет салынған. Олар еріген қар суын Қамысты және Ұзынкөл көлдеріне бұруға арналған. Аудан әкімінің орынбасары Бетахмет Махметовтың айтуынша, кейінгі 10 жылда дала суы Атбасарға алғаш рет жетіп, көлдердің тайыздануына әсер еткен. Жана бөгеттер осы табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған.

Жаңа сайын қарғын судың зардабын жиі тартатын аймақта дүлей тасқынның алдын алу мақсатында бөлінген қаржыландыру да аз емес. Атап айтқанда, жарылыс жұмыстарына – 50 миллион теңге, жанар-жағармайға – 15 миллион, ал алдын алу шараларына 187 миллион теңге бөлінді. Бұл қаражатқа каналдар тазартылып, қорғаныс бөгендері нығайтылып, сонымен қатар жаналары салынған. Ауданда барлығы 22 су өткізу нысаны орнатылып, 39 мың қап пен 10 мың тоннадан астам инертті материал дайындалған. Бұдан бөлек, 31 жана мотопомпа сатып



Аудан әкімдігінің мәліметінше, қала көшелерінен қыс бойы 180 мың текше метрден астам қар шығарылған.



алынған. Аудан әкімдігі бұл орайда тиісті қаражаттың дер кезінде берілуі мәселені жылдамдықпен шешуге мүмкіндік бергенін атап өтті.

– Биыл маңызды өзгеріс – барлық құрал-жабдықтың ауылдық округтерге алдын ала жеткізілуі болды. Бұл төтенше жағдай кезінде ең басты қажеттілік, яғни уақытты ұтуға мүмкіндік береді. Біздің ауданда 16 елді мекен су басу қаупінде тұр. Барлығын қорғау үшін кешенді жұмыс жүргізілді, – дейді аудан әкімі Кеңеш Әлімжанов.

Деректерге жүгінсек, Ақан Құрманов атындағы ауылда үш метрлік қорғаныс бөгеті тұрғызылып, Қашқар өзенінде жарылыс жұмыстары жүргізілген. Самарка, Тельман, Бастау, Мариновка ауылдарында

да қорғаныс бөгендері тұрғызылған. Сочинское ауылына кіреберісте арнайы су өткізу құрылысы орнатылып, бұл жыл сайын бірнеше ауылды сыртқы әлеммен байланысын үзіп тастай беретін аса өткір түйткілден құтқарған. Сөйтіп, бұрын әр көктемде қатынас үзілсе, биыл Атбасар – Сочинское көпірінің толық аяқталуы бұл мәселені түбегейлі шешіп отыр.

АСТРАХАН АУДАНЫ: ҮМІТ ПЕН САҚТЫҚ ҚАТАР

Астрахан ауданының Старый Колутон мен Қызылжар аймағында өлі қауіп бар. Кейінгі жылдары Старый Колутон ауылындағы өзенге жақын көшелерді су басу жиілеп кеткен. Ауыл әкімі Жанатхан Дәулеткерейдің айтуынша, биыл жағдай біршама тұрақтанады деген үміт бар.

– Бұрнағы жылдары елдің өлген урейін қашырған Қалқұтан өзенінің арнасы кеңейтіліп, түбіндегі құл-қоксы пен шіріген қамыстары тазартылып тереңдетілді. Жағалауға қорғаныс бөгеттері салынды. Қажет болған жағдайда суды өткізу үшін жол уақытша ашыламыз. Сонымен қатар «Қызылжұлдыз» бөгеті де қалпына келтіріліп, 17 мың текше метр су ұстай алатын деңгейге жеткізілді, – дейді Жанатхан Дәулеткерей.

ТҮЙЫМ САЛСА ДА, ТИЫН САНАЙДЫ

Қарағанды облысында көпқабатты үйде газ баллоны пайдалануға тыйым салынған. Бұған дейін аймақта бірнеше рет газ баллоны жарылып, адам өлімі де тіркелген еді. Бірақ одан сабақ алмай отырғандар да жеткілікті.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Алдымен үшінші қайтара газ жарылған Пришахтинскіге назар салайық. Бірінші оқиға бұдан 10 жыл бұрын, 2016 жылы болды. Төтенше жағдайлар департаменті көпқабатты үйдің төртінші қабатында орналасқан пәтерде газ қоспасының жарылғаны (5 литрлік газ баллон) туралы ақпарат таратты. Жарылыс салдарынан бөлмелердің қабырғасы, ас үй, жуынатын бөлме, дәліз және қонақ бөлмесінің жарты қабырғасы құлаған.

Қатты жарылыстан бесінші қабаттағы пәтердің арасын бөліп тұратын қабырға құлап, терезелері сынған. Оқиғадан үш адам зардап шекті.

Дәл осындай жағдай арада бес жыл салып, 2021 жылы наурыз айында тіркелген еді. Газ баллоны жарылып, бір адам зардап шекті. Тұрғындар эвакуацияланып, бірнеше сағатқа электр жарығы сөнді. Бұған қоса, жылу құбыры жарылып, пәтерлерді су басты. Құтқарушылар зардап шеккен адамнан басқа тағы 25 адамды эвакуациялады. Жарылысқа газ баллонына қосылатын редуктордың дұрыс істемеуі себеп болған.

Ал үшінші оқиға жақында ғана тіркелді. Ер адам газ баллонын қасақана жарып, сегіз адамды жаралады. Дерекке сүйенсек, ақпан айында әйелі ауырып көз жұмған соң қатты күйзеліске түскен азамат екі бөлмелі пәтерде қызымен бірге тұрып жатқан. Түнде тұрғындар ұйқыға кетерде көршілер газ иісі келгеннен кейін, құтқарушылар мен полицияларды шақырды. Сөйтсе, төртінші қабаттағы тұрғын газды қосып, «бәріңді өлтірем» деп айқайлаған.

Сакшылар тұрғындарды эвакуациялап үлгерді. Айтқанынан қайтпаған 40 жастағы дәнекерлеуші сіркенкі әдейі жакқан. Қазір аталмыш жайтқа қатысты бірнеше баппен қылмыстық іс қозғалды. Ал жарылыс жасаған азамат, тағы екі тұрғын және эвакуациялау кезінде жаракат алған бес полицей ауруханаға түсті.

Мұндай оқиғалар жиілеп кеткен уақытта, 2023 жылы Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожахов қала тұрғындарына көпқабатты үйде газ баллонын пайдалануға тыйым салынатынын айтқан болатын. Қауіпсіздік үшін газ баллонын емес, электр пешін пайдалануға шақырды. Тұрғын үй инспекциясы мамандары, аудан әкімдіктерінің өкілдері, төтенше жағдай қызметкерлерінен жасақталған мобильді топ көше кезіп кеткен күндер де болды. Олар үйді-үйді аралап, өрт қауіпсіздігін және 2 қабаттан жоғары көппәтерлі үйлерде газ баллондарын сақтауға және пайдалануға жол бермеуді түсіндіруге көшті. Газ баллонын пайдаланып отырған қала тұрғындарын өкімшілік жауапкершілікке тартып, айыппұл салынды.

Келесі жылы, яғни 2024 жылғы 30 қаңтарда Бұқар жырау ауданы Ботақара ауылында 2 қабатты, 12 пәтерлі тұрғын үйде жарылыс болды. Үйдің шатыры, қабырғасы мен едені, соның ішінде бірінші қабаттағы пәтерлер толығымен құлады. Апаттық-құтқару жұмыстары кезінде үйінділерден қаза тапқан екі адам және жарақат алған бес адам табылды.

Иә, аймақта көпқабатты үйде газ баллонын пайдалануға рұқсат жоқ. Бірақ электр пешіне қоюға тұрғындар асығар емес. «Тыйым салса да, тиын санаймыз» дегендер газ арзанға түсетінін алға тартып жүр.

Жамбыл облысында мыңдаған адам пәтерге заңсыз тіркелген. Мұндай сұмдық статистиканы өңірдің Көші-қон қызметі басқармасы мәлімдеді. «Резеңке пәтерлер» атауымен айдарланған акция барысында тәртіп сақшылары 839 мекенжайды аралап, онда заңсыз тіркелген 16 306 адамды анықтаған. Сонда жалған тіркеуде тұрған бұл азаматтар кімдер? Олардың заңсыз әрекетіне жол берген пәтер иелеріне қандай тәртіптік шара қолданылды? Жалпы, мұндай заңсыздықтың жолын кесу мүмкін бе? Осы сауалдар төңірегінде толғанып көрдік.

ЗАҢСЫЗ ТІРКЕУДІҢ ЗАЛАЛЫ

Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Әнгіменің әлкисасын әріден бастасак, шетел азаматтарын пәтерге тіркеу – бұрыннан келе жатқан әдіс. Көп жағдайда елімізге жұмыс іздеп келген шетелдіктер осындай қадамға барады. Ал қара жұмысқа келгендер құрылыс нысандарына тіркеле алмайтындықтан, жалған тіркелу құжатын алу үшін пәтер іздейтіні анық. Бұл қызметті ұсынағандар да қазір жетіп артылады. Тиынын төлесен, уақытша тіркеуге тұрғызуға дайын азамат көп. Тек шетелдік азамат тіркеуде болған уақытында заңбұзушылық жасамаса болғаны. Қарап тұрсаңыздар, кәдімгі жолға қойылған бизнес.

Жамбылдағы Көші-қон қызметі басқармасының негізгі мақсаты – осы пәтер иелері мен заңсыз тіркеуге тұрғандарды анықтау. Биылғы рейдтік шара барысында 839 мекенжайда жалған тіркеу белгілері байқалса, 16 306 адамның басым бөлігі мекенжайларда мүлде тұрмаған. Нәтижесінде, 82 адам азаматтарды нақты тұрғылықты жерінсіз тіркегені үшін жауапкершілікке тартылған. Бұдан бөлек, он күннен бір айға дейін тіркеусіз немесе жеке басын куәландыратын құжатсыз тұрған 414 дерек белгілі болған. Сондай-ақ 143 адам жеке басын куәландыратын құжатсыз, жарамсыз құжатпен немесе уақытша тұру орны бойынша бір айдан астам тіркеусіз өмір сүргені де әшкереленіп отыр. Тағы 35 жағдайда пәтер иелері бұрыннан тұрмайтын адамдарды тіркеуден шығару бойынша шара қабылдамағаны үшін де жауапкершілік жүгін арқаалаған.

Жамбыл облысы Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы Арай Данабекқызының айтуынша, қазір «резеңке пәтерлерді» болдырмау үшін тиісті шаралар қолға алынып жатыр екен.

– Жамбыл облысы бойынша наурыз айынан бастап «резеңке пәтерлер» жобасы қолға алынған болатын. Осы акция шеңберінде шетел азаматтары жиі тіркеуге тұратын мекенжайларды тексеріп, заңбұзушылықтар анықталды. Бұрынғы тұрғын үй кітапшалары болатын болса,

қазір мекенжайларға электрондық код беріледі. Міне, осы код арқылы бір пәтерде қанша адам тіркеуде тұрғанын анықтауға болады. «Резеңке пәтерлердің» дені Тараз қаласы мен Қордай, Т. Рыскулов аудандарында анықталып отыр. Бұл тұста бір айта кетерлігі, «резеңке пәтерлер» барак үйлерде орналасқан. Яғни, мұндай үйлерге бір ғана мекенжайлық код берілетіндіктен, «резеңке пәтер» ретінде көрініс тапқан. Қазір осы мәселелерді біржак-



ты қылу үшін жан-жақты тексеріс жұмыстары жүріп жатыр, – дейді Арай Данабекқызы.

Әрине, барак үйлер мәселесі өзекті екені түсінікті. Алайда «резеңке пәтерлердің» барлығы бірдей барак үйлер емес екені белгілі ғой. Сондықтан мұндай заңсыздықтарды бір мәселеге итеріп, бүркемелеуге әсте болмас.

Жалпы, ресми мәліметке сүйенсек, жыл басына бері Жамбыл облысына 5 969 шетел азаматы келген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда өсім көрсетеді. Шекара аскандар – толықтай ТМД елдерінің азаматтары. Осы тұста ерекше назар аударатындығы өңірге табан тіреген 5 969 шетел азаматының 5 320-ы жұмыс іздеп

«Көкшетау гидрогеология» акционерлік қоғамының өкілі Дамир Хайрушевтің айтуынша, кейінгі екі айда өзен арнасы 4 метрге дейін кеңейтіліпті. Теміржол көпірі маңындағы аумақ толық тазартылып, су ағынына кедергі келтірген өсімдіктердің шірінділері жойылған. Маңызды істе ауыл тұрғындары да қарап отырған жоқ. Олар құм толтырылған қаптарды дайындауға белсене кірісіп кеткен. Халықтың сын сағатында бірлесіп, жұмыла әрекет етуі қауіп төнген жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Жалпы, облыс аумағында жағдай бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама тұрақталды. Мамандар биыл көктемнің біртіндеп келіп, түнгі суықтың сақталуы қардың баяу еруіне ықпал еткенін айтады. Топырақтың тоң қабаты 5-30 см-ге азайған. Алдағы күндері негізгі қауіп орманды алқаптар мен өзен бассейндерінен келетін суға байланысты болмақ.

Мамандардың болжамынша, Жабай өзенінде – 1-6 сәуір, Қалқұтан өзенінде – 2-8 сәуір, Есіл өзенінде 9-15 сәуір аралығында су деңгейі көтерілмек. Биыл жарылыс жұмыстарының ауқымы да барынша кеңейтілген. Құзырлы органдар мен жергілікті атқарушы органдардың бірлесе әрекет етуінің арқасында 19 өзен мен 94 учаске қамтылған. Бұл былтырмен салыстырғанда едәуір көп болып отыр. Мұндай шаралар мұз кептелістерін болдырмауға бағытталған.

Деректерге жүгінсек, қазірдің өзінде Атбасар ауданындағы бірнеше ауылдар мен Ерейментау өңірінде мұз жару жұмыстары жүргізілген. Облыс бойынша 1,5 мың адам, 1 мыңға жуық техника, 90-нан астам тәулік бойы жұмыс істейтін бақылау бекеттері жұмылдырылған. Сонымен қатар 19 дрон арқылы әуеден бақылау жүргізіліп, «Қазгидромет» болжамдары мен Тасқын ақпараттық жүйесі қолданылған. Нәтижесінде, биыл 2,8 миллион текше метр қар шығарылып, өткен жылмен салыстырғанда 56 пайызға артық көрсеткішке қол жеткізілген. 300 мың текше метр су сорылып, 450 шақырым канал тазартылған.

Дегенмен қауіптің беті толығымен қайтты деуге де болмайды. Қаншама дайындық жүргеніне қарамастан, «Шөптікөлінің» қалай шайқай салғанын көрдік. «Тек тасқынның беті осымен қайтсын» деп тілеп отырғанымыз жасырын емес.

Тек 157-і тұрақты тұруға және 18 адам оқу үшін аймаққа қоныс аударған. Тағы 474 азамат өзге мақсаттармен өңір шекарасынан өтіп отыр. Байқап тұрсаңыздар, келеннен өткен 5 969 шетел азаматының 90 пайыздан көбі «екі қолға бір күрек» іздеп келген. Ал бұл азаматтардың барлығы бір жерге тіркеуге тұруы керек қой. Міне, «резеңке пәтерлер» қайдан шығатынын осыдан аңғара берініздер.

Әрине, мұнда Көші-қон қызметі басқармасы жұмыс істемей жатыр деуден аулақпыз. Есепті кезеңде көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 940 шетел азаматы жауапкершілікке тартылып, 269 адам ел аумағынан шығарылған. Осы тұста тағы бір статистикаға көз жүгіртсек, заң бұзушылардың дені өзбек пен қырғыз азаматтары екен. Ал көктем шыға облыста құрылыс саласы қарқын алаты-

нын ескерсек, өзбек пен қырғыз ағайындар Әулиеатаға қандай мақсатпен қайырылып жатқанын аңғару қиын емес.

Байыбына бармай, байбалам салудан аулақпыз. Алайда көші-қон барда заңсыз әрекеттермен қатар, түрлі айла-амалдар да жүретіні белгілі. «Резеңке пәтерлер» соның бір көрінісі ғана. Бәлкім, құзырлы сала мамандарына заңсыздыққа жол бергендерге өкімшілік айыппұл ғана жазып қоймай, қатаң шаралар қолданса мұндай болмас па еді. Беті аулақ әрине, алайда ертен өңірге келіп, пәтерге заңсыз тіркелген шетел азаматы өзі бірдене ұшырап әлде айналасындағыларға бір қатыгездік әрекет жасап жатса, кімді кінәлап, кімнен жауап алмамыз.

7 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Екі күн бұрын елордамызда өнерсүйер қауым үшін айрықша мәдени кеш өтті. Үш ғасырға жуық тарихы бар Дания корольдік театры алғаш рет Астанада гастрольдік гала-концертін қойып, көрерменді әлемдік балет өнерінің інжу-маржанымен қауыштырды. Айтулы кеш Astana Ballet театрында халықаралық деңгейде ұйымдастырылды. Өнерпаздар дат балетінің мақтанышы саналатын Бурнонвиль техникасымен қойылған сирек спектакльдерді көрермен назарына ұсынып, жоғары классикалық өнердің үздік үлгісін көрсетті.



Даниядан КЕЛГЕН «НӘЗІКТІК»

Әлемдегі ең көне балет театрынан келген таланттардың өнерін тамашалаудың өзіндік мәні бөлек еді. Сахнада балетмейстер Мейрамбек Назарқожаев та өнер көрсетті. Ол — Дания Корольдік театрының труппасына қабылданған тұңғыш қазақ баласы. Мейрамбек Алматы облысы Қараой ауылында дүниеге келген. 10 жасында балетке бет бұрып, 8 жылдан бері халықаралық конкурстарда лауреат болды. Өнер иесінің алғашқы белесі Мәскеумен байланысты. Бұл кезең жас әртіс үшін кәсіби қалыптасудың сатысына айналған. Мәскеуде Russian State Ballet труппасына қабылданып, қысқа уақыт ішінде халықаралық деңгейдегі өнер иесі ретінде танылды. Германия, Швейцария, Аустрия, Қытайдың үлкен сахналарында және Үлкен театр, Кремльде жетекші партияларды сомдаған. Кейін бұл шығармашылық жол Германияға жалғасып, жана орта мен жана талаптар әртістің көкжиегін кеңейткен. Шетелдік тәжірибе оның сахналық болмысын жаңа деңгейге көтерді. Ол театрға қабылданған алғашқы жылы — ак Нью-Йорктегі беделді Jacob's Pillow фестиваліне қатысып, өнері сыншылар тарапынан жоғары бағаланды. Тіпті, The New York Times басылымының шолушысы да оның шеберлігін атап өткен.

— Дания корольдік театры — үш ғасырлық тарихы бар, кез келген әртіс армандайтын өнер ордасы. Мен де алдымен түйіндемеді жібердім. Жүзге жуық үміткердің арасынан 10-15 адамды іріктеп, арнайы сынаққа шақырды. Сол шешуші кезеңнен кейін небәрі екі әртіс қана қабылданды. Мен сол іріктеуден өтіп, театр труппасына қосылдым. Қазір осы тарихи сахнада еңбек етіп келемін. Сонымен қатар Дания корольдігінің жоғары марапатын да алдым, — дейді Мейрамбек Назарқожаев.

Мейрамбектің сол театрдың «мәңгілік әртісі» деген келісімшарты да бар. Бұл марапат оның өнердегі биік деңгейін, кәсіби шеберлігі мен сахнадағы дара болмысын айқындайтын ерекше мәртебе болып саналады. Копенгагенде орналасқан бұл театр «Бурнонвиль стилімен» кеңінен танымал. Бес жыл бұрын Мейрамбек аталған балет труппасының тұрақты құрамына қабылданған болатын. Содан бері өнер иесі екі ел арасындағы мәдени байланысты нығайтуға сүбелі үлес қосып келеді. Мәселен, бытыр дат балетін Алматы көрерменіне ұсынса, биыл оны Қазақстанның бас қаласына алып келді.

— Балетті дамытудың маңызы өте үлкен, себебі мұны жұмсақ күш ретінде пайдалануға болады. Мысалы, біз қазақ тарихын, қазақтың бір әдемі шығармасын шетелге алып келу үшін оны әрдайым аударып отыру керек. Себебі шетелдіктер сол тілде сөйлей алмайды. Қазақ киносына барсаңыздар, титр қойып немесе аудару



керек. Алайда балеттің мықтылығы десек те болады, бұл тіл — универсал тіл. Оны сіз қимыл арқылы тарихын көрсете аласыз, — деді ол.

1748 жылы іргесі қаланған бұл театр — Данияның ұлттық мәдени символы. Оның құрамындағы Royal Danish Ballet труппасы ғасырлар сүзгісінен өткен бірегей мектеп пен дәстүрді бүгінге дейін сақтап келеді. Әсіресе, дат балет өнерінің алтын өзегіне айналған Август Бурнонвиль әдістемесі әлі күнге дейін әлем сахналарында орындалып, классикалық балеттің дара әрі танылған бағыты ретінде бағаланады. Классикалық кештің алдында балет әртістері БАҚ өкілдерімен кездескен болатын. Кездесуде олар тарихи терең театрдың құпиясын, қазақ балеті жайында ойларын, көзқарасын айтты. Хореографтар Динна Бьерн мен Эрик Вьюдес бытыр Алматы



каласына келген. Биылғы гастрольдік сапарының барысында олар Қазақ ұлттық хореография академиясында шеберлік сабақтарын өткізіп, қазақстандық әртістердің әлеуетін жоғары бағалады. Француз балетмейстері әрі еуропалық классикалық мектептің танымал қорғаушысы, мэтр Ив Бриеннің соңғы жеке шәкірттерінің бірі Эрик Вьюдес пен Динна Бьерн ерлі-зайыпты хореографтар. Олар бұған дейін де академия студенттеріне дәріс берген.

Август Бурнонвиль мұрасы саласындағы әлемдегі жетекші мамандардың бірі әрі дат балет дәстүрінің көрнекті өкілі Д. Бьерннің айтуынша, Қазақстан — кең әрі көркем ел, мұнда балет мектебі қарқынды дамып келеді.

— Көне театрдың басты ерекшелігі — Бурнонвиль стилін сақтай отырып, басқа бағыттарға да ашық болуында. Әртістер классикалық репертуарды, оның ішінде орыс мектебінің элементтерін, сондай-ақ заманауи қойылымдарды қатар орындайды. Осы үйлесім театрдың ұзақ ғұмырлы әрі заман талабына сай болуына мүмкіндік беріп отыр. Бұл жолғы сапарымызда Қазақстанда классикалық балетпен айналысатын үш ірі театр бар екенін есту мен үшін үлкен жаңалық болды. Сонымен бірге жергілікті мәдениетті одан сайын тани түстік. Осындай шығармашылық алмасу — сапардың ең құнды тұсы. Би өнеріндегі екінші буын студенттері өте жақсы деңгейде. Қазір өсіп келе жатқан жаңа буынның әлеуеті жоғары, ал кәсіби деңгейге жеткен санаулы бишілер — өз алдына бөлек деңгей. Ең бастысы, келесі буынның қалыптасып келе жатқанын көру бізді қуантады. Олардың қабілеті жоғары, кәсіби деңгейге жетуге мүмкіндігі мол. Дегенмен әр елдің, әр мектептің өзіндік стилі бар. Мысалы, дат

мектебінің би мәнері қимылдары аса ауқымды емес, өте жинақы, жұмсақ, би арқылы өрнектелетін нәзік стиль. Ал қазақ балетінің қимылы жарқын, ширақ болып келеді, қонақжайлық мінезі осы жерде де көрінеді деуге болады, — дейді балерина.

Жіі қойылатын сұрақтың бірі — «театрдың ұзақ өмір сүруінің құпиясы неде?». Театр әртістері оның басты құпиясын қалыптасқан дәстүр мен көркемдік бағыттың үзілімі сақталуында деп түсіндірді. Гала-концерттің арнайы қонағы — скандинавиялық және испандық тамыры бар, Еуропадағы контепрограу фламенсо бағытының жарқын өкілдерінің бірі — Селена Муньос. Ол 2025 жылы CPN Culture нұсқасы бойынша «Жыл бишісі» атанып, фламенко, контепрограу және скандинавиялық эстетиканы үйлестірген ерекше өнермен кенінен танылған. Ал балет әртістері ұлттық құндылығын Астана сахнасына шығаруды мақтанғын көретінін айтып, елімізге алғаш келгендегі әсерін бөлісті.

— Қазақстанға келмес бұрын бұл ел туралы көп естігенмін. Келген соң қазақтың мәдениетімен жақынырақ таныстым. Алғаш рет атқа мініп көрдім, «Қазақстан» шоколадның дәмін таттым, өте ұнады. Бұдан бөлек, жергілікті бишілердің жоғары деңгейіне тәнті болып, олармен танысқанымда қуаныштымын. Біраз уақытымды кітапханада өткіздім. Ол жерде басты тақырыптар бойынша материалдармен танысып, тіпті түсік асымды да сол жерден іштім. Жалпы алғанда, мұндағы мәдени мазмұн өте бай әрі сапалы екен. Осы сапардан алған әсерім есте қаларлық, маңызды тәжірибе болды, — деді балет әртісі Джонсон Плугманн.

Қазақтың қарғайы ғана баласы қарт құрлықтың талғампаз жұртын тәнті етіп, әлемдік сахнада ел мерейін үстем етіп жүр. Сондықтан елорда төрінде өткен бұл кеш — жай ғана гастрольдік сапар емес, екі ел мәдениетінің терең тоғысуы болды. Үш ғасырлық тарихы бар дат балетінің асыл мұрасы қазақ сахнасында жанаша тыныс алып, өнердің шекараға бағынбайтын әмбебап тілі екенін тағы бір дәлелдеді.

МӘДЕНИЕТ

«ТРАВИАТА» ЖҰЛДЫЗДЫ ҚҰРАММЕН САХНАЛАНДЫ

«Астана Опера» театрында Джузеппе Вердидің «Травиата» операсы жұлдызды құраммен сахналанып, зал көрерменге лық толды. Әртістерге ерекше құрметтің белгісі ретінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан ықылас гүлі табысталды.



Бұл кеште басты партияларды опера өнерінің танымал шеберлері орындады. Виолетта Валери бейнесінде сопрано Мария Мудряк «Астана Опера» сахнасында осы рөлмен дебют жасаған еді. Осы уақыт ішінде Виолетта партиясы оның шығармашылық өмірінде маңызды орын алып, жаңа эмоциялық және драмалық қырынан ашылды.

Альфред Жермон партиясын алғаш рет испандық тенор Жоэль Прието орындады. Оның қатысуы кештің басты оқиғаларының біріне айналды. Әнші

үшін бұл жана партиядағы дебют қана емес, сонымен қатар Қазақстанға жасаған алғашқы сапары болды. Жоэль Прието Ковент-Гарден, Ла Скала, Париж ұлттық операсы және Зальцбург фестивалі сияқты әлемнің ірі сахналарында өнер көрсеткен. Жорж Жермон бейнесін Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Талғат Мұсабаев сомдап, қойылымның драмалық қуатын арттырып, сахналық көркемдігін айқындай түсті. Дирижерлік пультте италиялық маэстро Джузеппе Акуавива тұрды. Солистермен бірге сахнаға «Астана Опера» театрының хоры, миманс әртістері және симфониялық оркестрі шықты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КІТАП КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ

Елордадағы Президент орталығы ғимаратында 22-26 сәуір күндері «Astana Eurasian Book Fair – 2026» ІХ халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі өтеді.



Аталған шара Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Фолиант» баспасы тарапынан ұйымдастырылып отыр. Бұл — Орталық Азиядағы ең ірі мәдени-ағартушылық жобалардың бірі.


Көрме-жәрмеңкеге 80-ге жуық баспа, ғылыми-білім беру және полиграфиялық компания қатысады. Оның ішінде Қазақстан, Ресей, Түркия, Қырғызстан, Әзербайжан, Моңғолия, Испания, Қытай, Иран, Беларусь, Португалия, Венесуэла және Ұлыбритания елдерінен 40-қа жуық шетелдік ұйым бар. Бес күнге жоспарланған мәдени-іскерлік бағдарлама аясында жана кітаптардың тұсаукесері, авторлармен кездесулер, автограф-

сессиялар, сондай-ақ балаларға арналған шеберлік сағаттары өтеді. Атап айтқанда, Бекарыс Шойбеков, Маржан Ершу, Ерлан Қожабаев, Ұларбек Дәлей, Әлішер Рахат сынды авторлардың еңбектерімен қатар, Анжей Сапковский, Хавьер Моро, Эрнест Хемингуэй шығармаларының таныстырылымы өтеді деп жоспарланған. 23 сәуірде Ұлттық кітап күніне орай Мәдениет және ақпарат министрлігі ұйымдастырған республикалық «Ұлттық кітап» байқауы жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтеді.

Көрменің салтанатты ашылуы 22 сәуір күні сағат 11.00-ге жоспарланған. Іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, белгілі қаламгерлер мен шетелдік дипломатиялық корпус өкілдері қатысады.

TAZA FEST: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАҒА ҮЛЕС

Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның залында «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында есірткіге қарсы Taza Fest концерті өтті.



Концертті Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы «Астана — есірткісіз қала» жобасы аясында ұйымдастырды.

Іс-шараның басты мақсаты — жастар арасында есірткіге қарсы теріс көзқарас қалыптастыру, саламатты өмір салтын

насихаттау және құқықтық сананы арттыру. Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бөлім бастығы, полиция подполковнигі Әлия Қыбатқызының айтуынша, жыл басынан бері қалада есірткінің зансыз айналымына қатысты 300-ге жуық құқықбұзушылық анықталған.

Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
САЛЖАН САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
ӘДЕБИЕТ БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
НАЗГУЛ НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
ЕРБОЛАТ ЖАЛҒАБАСАЙ —
Қызылорда облысы
БАНН ЖАНЗҰКА —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam@aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4724

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,